Отандық техника егістікті бағындыруда
5 - бет ӨНДІРІС

Тұтыну да, өндіру де артқан
6 - бет ҚАРЖЫ

Қылқалам шеберлерінің мәнді сырлары
8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//15 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев премьер-министр Асқар Маминді қабылдады.

Қазақстан Президентіне биылғы 9 ай ішіндегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары жөнінде есеп берілді, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірқатар салада дамудың оң қарқыны байқалатыны баяндалды. Атап айтқанда өндеу өнеркәсібінің өсімі 3,3%-ға жеткен, құрылыс көлемі 10,5%-ға, тұрғын үйлердің пайдалануға берілуі 9%-ға немесе шамамен 9,6 миллион шаршы метрге артқан. Ауыл шаруашылығындағы өсім көрсеткіші 5%-ды құрады. 1 қазандағы мәлімет бойынша Қазақстанның алтын-валюта қоры мен Ұлттық қор активтері 91,1 миллиард долларға жетті.

Үкімет басшысының айтуынша, қырқүйекте қызмет көрсету саласындағы белсенділікті қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Осы ретте тамыз айымен салыстырғанда сауда-саттық көлемі 2,7%-ға, байланыс – 1,3%-ға, көлік және қойма – 1,2%-ға артқан. Қызмет көрсету секторындағы өсім шағын және орта бизнестің жанданғанын білдіреді. Бұл жаңа жұмыс орындарының ашылуына және азаматтардың әл-ауқатының жақсаруына ықпал етеді.

Премьер-министр 11-12 қазан күндері Абу-Даби қаласына жасаған жұмыс сапарының қорытындылары туралы есеп берді. Аталған сапар барысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы қаңтарда Біріккен Араб Әмірліктеріне жасаған ресми сапары кезінде қол жеткізген уағдаластықтардың нақты жүзеге асырылып жатқанына көз жеткізілді. Сонымен қатар екі ел үкіметтері Инвестициялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Онда құны 6,1 миллиард доллар болатын 21 жобаны жүзеге асыру көзделген. Аталған құжат жоғары қосымша құны бар және пайдасы мол, сондай-ақ ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да үлкен сұранысқа ие болатын өндіріс орындарын ашуға бағытталған.

Мемлекет басшысы экономиканы дамытудың оң қарқынын қамтамасыз ету жөніндегі Үкіметтің атқарған іс-қимылдарын атап өтіп, азаматтарымыздың денсаулығына, шағын және орта бизнестің жұмысына, сондай-ақ жалпы экономиканың дамуына шетелде кең тараған коронавирус індетінің кері әсерін болдырмау үшін премьер-министрге еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды қатаң бақылауға алуды тапсырды.

* * *

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовты қабылдады.

Мемлекет басшысына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің биылғы жұмыстары және Оқу орнын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жоспары туралы ақпарат берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев университет жұмысының қорытындыларына оң баға беріп, оның аймақтағы жетекші жоғары оқу орны ретіндегі халықаралық мәртебесін нығайту қажеттігіне назар аударды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына университет жанынан ашылған «Абай академиясы» туралы мәлімет берілді. Президент шетелде Абай Құнанбайұлының мұрасын ұлттық бренд ретінде насихаттау жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ерлан Сыдықовқа Еуразия Ұлттық университетінің базасында ашылатын оқу-зертханалық кешенінің құрылысы жөнінде және басқа да бірқатар тапсырма берді.

► ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

Risers	Last	%△1D	%△1M
CCBN 13.10.20 17:30	220,00	+0,92	-3,30
KCEL 13.10.20 17:30	2 708,88	+0,89	+7,28
HSBK 13.10.20 17:30	112,00	+0,22	-6,65
KEGC 13.10.20 17:30	1 707,00	+0,21	+0,23
GB_KZMS 13.10.20 17:30	2 910,05	+0,00	-4,81
KASE Индексі 13.10.20 17:30	2 427,21	+0,23	-1,84

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%△1D	%△1M
MM Index 13.10.20 00:00	8,16	+0,10	+0,20
TONIA 13.10.20 16:59	8,06	0	+0,10
SWAP-1D (USD) 13.10.20 17:05	9,36	+0,36	+1,36
TWINA 13.10.20 15:24	8,61	+0,01	-0,39
SWAP-2D (USD) 13.10.20 17:05	7,75	+0,25	-0,35

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
BRKZe10 13.10.20	8.95	–
BASPb7 13.10.20	11.06	–
MFOKb1 13.10.20	19.00	–
BTASe16 13.10.20	0.00	–
FFINb3 13.10.20	0.00	–
ATFBe7 13.10.20	0.00	–

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM120_0018 12.10.20	10.00	
MUM132_0006 12.10.20	10.00	
MUM108_0013 12.10.20	10.00	
MUM156_0006 12.09.20	10.00	–
MUM168_0002 09.09.20	10.00	–
MUM180_0011 09.09.20	10.00	

► ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер

KASE	2 427.21	0.23% ↑
FTSE 100	5969.71	-0.53% ↓
CAC 40	4947.61	-0.64% ↓
S&P 500	3511.93	-0.63% ↓
Dow Jones	28679.81	-0.55% ↓
Nikkei 225	23601.78	0.18% ↑
DAX	13018.99	-0.91% ↓
SSE Comp	3218.05	-0.20% ↓

14 Қазан 2020

Тауарлар

Мұнай	42.45	1.75% ↑
Алтын	1 925.50	0.12% ↑
Платина	885.00	-0.78% ↓
Палладий	2 437.00	-0.53% ↓
Никель	14 423.00	-0.61% ↓
Алюминий	1 770.50	-0.53% ↓
Күміс	25.06	3.06% ↑

14 Қазан 2020

Валюта нарықтары

USDKZT	428.93	0.26% ↑
EURKZT	505.49	0.12% ↑
USDRUB	77.0491	-0.00% ↓
USDUAH	28.3400	0.27% ↑
USDBYN	2.5757	0.28% ↑
EURUSD	1.1742	-0.02% ↓
GBPUSD	1.2921	-0.10% ↓

14 Қазан 2020

АГРОӨНЕРКӘСІП

Астық қоры жеткілікті

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы саласы мал шаруашылығына негізделген, ауыл шаруашылығы өнімдерінің 93 пайызы мал шаруашылығы саласына тиесілі. Өнірде 600-ден астам шаруа қожалығы өсімдік шаруашылығымен айналысады.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Егін егетін ірі шаруа қожалықтары Бәйтерек және Тереңті аудандарында орналасқан. Биыл көктемгі дала жұмыстарының қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 547,6 мың гектарды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 25 мың гектарға артық. Соның ішінде күздік және жаздық дәнді дақылдар 232,8 мың гектар алқапқа себілді (күздік дәнді дақылдар – 80,9 мың га, жаздық дәнді дақылдар – 151,9 мың га), бұл өткен жылғыдан 12,3 мың гектарға немесе 5,3%-ға аз. Биыл күздік бидай 70,7 мың гектар алқапқа (2019 ж. – 61,3 мың га), жаздық бидай – 99 мың га (2019 ж. – 124,1 мың га) және арпа 40,8 мың гектарға (2019 ж. – 45,7 мың га) себілді. Егістік алқаптарын әртараптандыру жөніндегі меморандумды іске асыру шеңберінде әлемдік нарықтағы сұраныстың артуына байланысты олардың орнына тиімділігі жоғары майлы дақылдар егілген.

Аталмыш басқарма басшысының орынбасары Денис Омашевтің айтуына қарағанда, өңірдің табиғи-климаттық жағдайына, биылғы құрғақшылыққа қарамастан, егін егумен айналысатын шаруашылықтар жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Облыста дәнді дақылдарды ору жұмыстары аяқталды. Биылғы жылғы 22 қыркүйектегі жағдай бойынша 280 мың гектар дәнді дақылдар алқабының әр гектарынан орташа өнімділік 11,4 центнерді құрап, 260 мың тонна астық алынды.

> [3]

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА

Дәрі-дәрмек өндірісі артты

Вирус қаһарына мінген кезде, дәрі-дәрмекке қажеттілік едәуір артады. Карантиндік шектеулерге байланысты импорт қысқарғанда, отандық өндірушілердің жүктемесі көбейеді. Сәйкесінше, «Химфарм» АҚ шикізатты жеткізу мен дайын өнімді жөнелту логистикасының тәулік бойғы жұмысын қамтамасыз етумен, өндірістік ауысымдардың жұмысын тоқтаусыз режимге салуда.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Эпидемия жағдайында ең маңызды ресурс – дәрі-дәрмек екендігі белгілі, және де ел азаматтарының өмірі оның қолжетімді болуына байланысты. Сондықтан пандемияның сын-қатерін қабылдай отырып, Химфарм шикізатты жеткізіп, дайын өнімді жөнелтетін логистиканың тәулік бойғы қызметін іске қосумен, өндірістік ауысымдардың жұмысын үздіксіз режимге бұрған.

> [5]

ДАМУ МЕН НӘТИЖЕ: ЭКОНОМИКАДА ОҢ ҮДЕРІС БАР 2

ЧТО СТАЛОСЬ СО ШКОЛОЙ ИМЕНИ АЛИИ МОЛДАГУЛОВОЙ В ГЕРМАНИИ?! 7

16+

№42 (684)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Медицина межесі

Диагностика қаншалықты қолжетімді?

Еліміздің барлық өңірлеріне отандық өндірістен шыққан цифрлық рентген аппараттары беріледі. Олардың қашан жеткізілетінін денсаулық сақтау министрі Алексей Цой айтып берді.

«Пандемия уақытында халыққа диагностикалық қызметтерді қолжетімді ету үшін облыстар әкімдіктері отандық өндірістен шыққан цифрлық рентген аппараттарын сатып алып жатыр. Осы аппараттың алғашқы 24-і 20 қазанға дейін Қостанай, Ақмола, Түркістан облыстарына жеткізіледі. Қалған өңірлердің бәріне аппарат 30 қазанға дейін жеткізіледі», – деді А. Цой ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, медициналық қызметті жақсартудың тағы бір талабы – алыстағы елді мекендер үшін көліктік медицинаны дамыту. Бүгінгі күні көшпелі медицина кешендерінің 28 данасы әзірленді. Оның бір бөлігі Қостанай қаласына жеткізілді. Қалған кешендер аймақтарға таратылады. Келісімшартқа сәйкес олар елді мекендерге 20 қазанда жеткізілмек.

Сондай-ақ ОКҚ брифингінде денсаулық сақтау вице-министрі – бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов ПТР тестілеуден өткізу тәулігіне 65 мыңға дейін жеткізілетінін мәлім етті,

«Биылғы сәуір айында ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеу елімізде 28 зертханада жүргізіліп, тәулігіне 6 мың тест жасалған еді. 14 қазандағы жағдай бойынша тестілеу 121 зертханада жүргізіледі. Сонымен қатар, тестілеудің жалпы қуаты тәулігіне 45 мың зерттеуден асады», – деді вице-министр.

Оның сөзіне қарағанда, қазіргі кезде жаңа зертханаларды ашу шаралары атқарылуда. Сәйкесінше, зертханалардың қуаты тәулігіне 65 мың зерттеуге дейін жеткізілмек.

Мінбер: Депутат сауалы

Ауыз су мәселесі аяңдамауы тиіс

Мәжілістің жалпы отырысында депутат Жамбыл Ахметбеков Премьер-министр Асқар Мамиммінің атына ресми сауал жолдап, ауыл тұрғындарын мазалап отырған ауыз су мәселесін көтерді.

Мәжіліске Ақмола облысының Қорғалжын ауданы, Қызылсай ауылдық округінің Шалқар ауылынан «Ақсақалдар алқасы» және ауыл тұрғындары атынан 51 адам қол қойған ұжымдық хатүндеу келіп түскен. Халықтың сұрауы біреу ғана – ол ауыз су.

Депутаттың дерегінше, Қорғалжын-Шалқар бағытындағы 1970 жылы салынған ұзындығы 29,5 шақырым су құбыры магистралінің 2014 жылы 95 пайызға тозғандығы расталды. Осыған байланысты 2015 жылдан бастап ауыз су ауылға автокөлікпен тасымалданып жеткізіледі. Шалқар ауылының ішкі су тарту құбыры 2010 жылы салынып, 2014 жылға дейін қолданыста болды. Бүгінгі күні қараусыз қалғандықтан жағдайы нашар күйде.

«Күздің жауын-шашыны кезінде, қыстың боранында жол жабылған кездерде ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуде көптеген қиындықтар туындайды. Біздегі нақтыланбаған деректер бойынша Қорғалжын, Біртабан, Шалқар ауылдарында 6 мыңнан астам адам тұрады. Осы ауылдарда 5 мыңға тарта ірі қара мал, 3 мың жылқы, 6 мың қой-ешкі, 15 мыңға тарта үй құстары өсіріледі. Мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, республикалық бюджеттен аталған елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты бөлу мүмкіндігін қарауыңызды сұраймыз», – деді Жамбыл Ахметбеков.

Өңір өрісі

Оттегі стансасы салынды



Маңғыстаудың Қарақия ауданының Құрық ауылында оттегі стансасы салынды.

Аудандық орталық аурухана директоры Гүлшара Бегниязованың айтуынша, мердігер мекеме аурухана жанынан бой көтерген оттегі стансасының құрылысын 10 күнде аяқтаған. Мұнда 5 бөлімше бар. Әр төсек орынға оттегі жеткізу қамтамасыз етілді. Оның ішінде терапия бөлімшесіне 14, хирургия бөлімшесіне 8, балалар бөлімшесіне 8, босандыру бөлімшесіне 8, жұқпалы аурулар бөлімшесіне 12 орын оттегімен қамтамасыз етіледі.

«Сонымен қатар Жетібай ауылдық ауруханасының жанынан да осындай оттегі газдандыру стансасының құрылысы басталды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасынан бөлінген қаражат есебінен салынған бұл станса індетке шалдыққан, тыныс алуы қиындаған науқастарды емдеуге бағытталады», – деді Г.Бегниязова.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Сейсенбілік дәстүрлі отырысында Үкімет мүшелері еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және республикалық бюджеттің атқарылуы жөнінде байлам жасады. Жиын торағасы, Премьер-министр Асқар Мамин жалпы экономиканың қалпына келе бастағандығын атап өтті.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Даму мен нәтиже: Экономикада оң үдеріс бар

Экономиканың, банк саласының жай-күйі, республикалық бюджеттің атқарылу барысы, мемлекеттік сатып алудағы жергілікті қамту деңгейі туралы ұлттық экономика министрі Р.Дәленов, Ұлттық банк төрағасы Е.Досаев, қаржы министрі Е.Жамаубаев, өнеркәсіп пен энергетика секторындағы ахуал туралы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов және энергетика министрі Н.Нұғаев, агроөнеркәсіптік кешендегі жағдай туралы ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров баяндады.

Экономиканың базалық салаларында қабылданып жатқан шаралардың арқасында осы жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша өсудің оң серпіні сақталуда. Атап айтқанда, өндеу өнеркәсібінде 3,3%-ға, оның ішінде фармацевтикада 39,8%-ға, дайын металл бұйымдарын өндіруде 18,9%-ға, машина жасауда 16,6%-ға, оның ішінде автомобиль жасауда 51,6%-ға, сондай-ақ қағаз өнімдері өндірісінде 15,1%-ға және жеңіл өнеркәсіпте 14,1%-ға өсім қамтамасыз етілді. Құрылыс көлемі 10,5%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру 9%-ға немесе шамамен 9,6 млн шаршы метрге ұлғайды. Ауыл шаруашылығында 5%-ға тұрақты өсім қамтамасыз етілді, астық шығымы жоғары болды. Қазақстанның алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қордың активтері биылғы 1 қазанда $91,1 млрд құрады. Металл кенін (+1,2%) және өзге де пайдалы қазбаларды (+0,4%) өндіру секілді тау-кен секторының маңызды бағыттары бойынша оң динамика сақталуда. Бұл ретте ОПЕК+ қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау қажеттілігі жағдайында мұнай өндірудің төмендеуі (-3,5%) байқалады. Қырқүйекте қызмет көрсету секторы белсенді түрде жандана бастады – тамыз айымен салыстырғанда, саудасаттық 2,7%-ға, байланыс 1,3%-ға, көлік және қоймалау 1,2%-ға өсті. Қызмет көрсету секторының өсуі шағын және орта бизнестің белсенділігін көрсетеді, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Шымкент қаласы негізгі 7 көрсеткіштің 5-і бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың өсуін қамтамасыз етті. Ақтөбе, Қарағанды, Маңғыстау, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 4 көрсеткіш бойынша оң динамикаға қол жеткізілді. Мұнай-газ секторындағы өндірістің төмендеуіне байланысты Қызылорда, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында кейін қалушылық орын алып отыр.

Ағымдағы уақытта мемлекеттік бюджетке 6,1 трлн теңге сомасында кіріс түскен, бұл жоспардың 95,5%-ға атқарылғанын көрсетеді. Республикалық бюджетке кірістер 3 трлн 853 млрд теңге сомасында түсті, яғни бұл жоспардың 85,8%-ға атқарылуы. Қаржы министрлігінің мәліметінше, кірістер бойынша жоспардың атқарылмауы 638 млрд теңгені құрады. Бұл ретте салықтық емес түсімдер 154 млрд теңгеге артығымен орындалды. Негізгі атқарылмау сомалары қосылған құн мен корпоративтік табыс салықтарына қатысты болуда.

Жергілікті бюджеттердің кірістері 118%-ға атқарылып, 2 трлн 274 млрд теңгені құрады. Жалпы жоспар 348 млрд теңгеге, оның ішінде салықтар бойынша – 319 млрд теңгеге асыра орындалды. Барлық өңірлерде кірістер бойынша жоспарлар асыра орындалған. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 99,5%-ға, республикалық бюджеттің шығыстары 99,8%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 99,5%-ға атқарылды. Республикалық бюджеттің шығыстары 10 трлн 272 млрд теңгені құрады. Жергілікті бюджеттердің шығыстары – 5,6 трлн теңге. Сонымен қатар өткен 9 айда камералдық бақылаумен сомасы 9,1 трлн теңгеге 1,2 млн астам мемлекеттік сатып алу рәсімі қамтылды. Тексеру қорытындысы бойынша сомасы 726 млрд теңгеге бұзушылықтардың алды алынды, 1,4 мың аудиторлық іс-шара өткізілді.

Үкімет басшысы пандемия мен жаһандық экономикалық дағдарыстың елеулі әсеріне қарамастан, ел экономикасында – нақты секторда, қызмет көрсету саласында көрсеткіштер өсімі тіркелгенін атап өтті. Өңірлердің әкімдеріне Мемлекет басшысы алға қойған барлық міндеттерді тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін жұмысты жандандыруды тапсырды. «Бюджеттің кіріс бөлігіне қатысты жыл соңына дейін бекітілген жоспардың 100% орындалуына қол жеткізу қажет. Қазіргі жағдайларда бюджеттің атқарылуы тұрғысынан орталық және жергілікті органдардың басшылары жыл соңына дейін тиімді және уақытылы игеруді қамтамасыз етуі тиіс. Жыл соңына дейін 3 ай уақыт қалғанын қаперде ұстауымыз, бұл ретте барлық жобаларды аяқтап, жоспарларды іске асыру үшін барлық күш-жігерді жұмсауымыз қажет», – деді А.Мамин.

ТҰҒАН ЖЕР

МҰЗТАУ

Мұзтау – Шығыс Қазақстандағы Алтай тауларының ең биік нүктесі (4509 м), әлемдегі ең ірі шыңның бірі. Ол халық арасында қасиетті саналған. Биік сеңгірлер мен тік жартасты рельефтер, мұздықтар – бәрі үндесіп, тауға ерекше асқақ келбет береді. Мұзтауға жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген альпинистер келіп, шыңды бағындырады.

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

Жоғары мектеп: Ғылым – өндіріс – инновация

Елбасы – Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің халықаралық талапқа сай жоғары білімді мамандар даярлайтын білім беру ұйымдарының әлемдегі үздік университеттер қатарынан көрінуін талап еткен. Осыған орай Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде білім сапасын әлемдік университеттермен теңдестіру мақсатында нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Жаһанды жайлаған дағдарыс жағдайында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін шаруашылық жүйені жетілдіруді қажет етеді. Бүгінде экономиканы қайта құру кезінде бірқатар өзекті мәселелерге, әсіресе халықтың өмір сүру деңгейін анықтайтын аса маңызды стратегиялық сала ретінде ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға барынша назар аударылуда.

Агроөнеркәсіп құрылымдары шаруашылық тетіктерінің жетілмеуінен, коммерциялық ақпараттың жеткіліксіздігінен, сыртқы орта факторларының (тұтынушылардың іс-әрекеті, нарықтық конъюнктураның өзгеруі, жаңа өнімдердің пайда болуы, т.б.) төменгі деңгейде талдануынан және нарықта қолдану тәжірибесінің жоқтығынан тұрақсыз шарттарда әрекет етіп келеді. Сондықтан ауыл шаруашылығы өнімін тұтынушыға дейін тиімді әдіспен жеткізуге бағытталған ғылыми зерттеулер өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Заман талабына сай қазақстандық зерттеу университеті мәртебесіне ие жоғары оқу орындары үшін бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуы шығармашылық ізденістерді жүзеге асыруға мүмкіндік ашып отыр.

Бүгінгі күні ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет тиімділігі нысаналы қаржыландыру көлемімен және ғылыми-техникалық жобаларды орындау көлемімен анықталуда. Осы ретте Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (ҚазҰАЗУ) мемлекеттік, гранттық қаржыландырудан тыс агроөнеркәсіп кешендерімен бірлескен зерттеулер жүргізуде. Университет серіктестерімен бірлесіп жұмыс орындауы негізінде қаржыландыру көзін игеруге мүмкіндік туды.

Университеттің ғылыми-зерттеу саясатының басты мақсаты еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы бар жоғары білікті ғылыми мамандарды даярлау болып табылады. Сондықтан университет жаңа білімді қалыптастырудың негізі ретінде іргелі зерттеулерді дамыту, бәсекеге қабілетті коммерциялық зерттемелер мен іргелі және қолданбалы зерттеулерді үйлестіру, ауыл шаруашылығы салалары орталықтарын дамыту, ғылыми-зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру мен білім беру жүйесінде инновациялық белсенділікті дамыту мақсатында ғылыми мамандарды даярлауға көп көңіл бөліп отыр.

Заман талабына орай Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде білім сапасын әлемдік университеттермен теңдестіру мақсатында нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, бүгінде озық ғылым мен білімді тарту мақсатында QS әлемдік рейтингте бірінші орын алатын Вагенинген Нидерланды зерттеу университетінің тәжірибесін басшылыққа алып, бірқатар шаралар атқарылуда. Оқу орнындағы зерттеулер еліміздің озық технология алға озған әлемнің дамыған елдері қатарына енуіне ықпал ететін әлеуетті күш екеніне күмән жоқ.

Университетте білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу мақсатында бірқатар ғылыми-зеттеу институттарымен келісімшарттар жасалды. Зерттеу жұмыстарының бағыттары анықталып, оқытушы-профессорлар құрамын, магистранттар мен докторанттарды жұмылдыру бағдарламалары айқындалды. Факультеттер мен кафедралардың және әр оқытушының жеке жұмыс жоспары жасалып, оның орындалуы тұрақты бақылауға алынған. ҚазҰАЗУ-дың ұлттық зерттеу университетіне көшу бағдарламасының қалыптасуы – әлемдік топ-университеттердің орташа тобына енудің бастапқы қадамы.

Ғылыми-зерттеу университетіне ауысудың басты ұстанымы, ол – инновацияға негізделген білім. Сонымен қатар мұнда бірнеше ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары бар. Жалпы елімізде ауыл шаруашылығы саласында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының 80 пайыздан астамы – осы университеттің еншісінде.

Демек, ғылыми-зерттеу университеті үшін басты талап:

– басқару жүйесі, білім беру үдерісі және заманауи талаптарға сай ғылым жүйесі, ғылыми және агроөнеркәсіп кешенімен тығыз байланысы әрі тұрақты дамуы;

– ғылыми ортаның ұлттық және әлемдік деңгейге беделінің артуы;

– жоғары кәсіби инженерлік, ауыл шаруашылығы және экономикалық ғылымдардың басымдықтары бойынша зерттеуші мамандар даярлау;

– кешенді түрде ғылымаралық, пәнаралық зерттеу жүргізілетін ғылыми-зерттеу орталықтарының болуы.

Университеттің меншігіндегі шаруашылықтардың болуы зерттеу қызметіне таптырмас негіз болып саналады. Әрбір зерттеу университетінің өзіндік басым бағыттары және соған сай боларлық қуатты базасы, әлеуетті күші және өндірістік алаңы бар. Дегенмен бұл ауыл шаруашылығы салаларының ғылыми инфрақұрылымдарды шоғырландыру, ғылымның басты бағыттары бойынша ұлттық зертханалар санын арттыру, соған сай эксперименталдық алаңды дамыту мәселелерін университеттің оқытушы-профессор құрамына біліктілікпен, кәсібілікпен жүзеге асыруды міндеттейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ел дамуының алдағы жалпыұлттық бағдарын және оның негізгі басымдықтарын анықтап берді. Президент Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға кедергі келтіріп отырған түйткілді мәселелерді, салада енбек өнімділігінің аз және өнім өндеу деңгейінің төмен екенін, сондай-ақ отандық агросекторда озық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану жұмысы жүйелі жолға қойылмағандығын атап өтіп, алдағы уақытта осы және басқа да мәселелерді шешу үшін бірқатар нақты шаралар қабылдау қажеттігін алға тартқан еді. Осы мақсатта ғылыми-зерттеу кешендерін құру арқылы зерттеу шараларын жүзеге асыру міндетделді. Осы ретте Үкімет қаулысымен берілген «Ұлттық зерттеу» мәртебесі біздің оқу ордасы ұжымына үлкен жауапкершілік жүктейді, табысты жұмысты талап етеді. Еліміздегі 22 университетте ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау – аграрлық саланы уақыт талабына сай дамыту, өркендету міндетін жүзеге асыратын жоғары білікті кәсіби мамандармен қамтамасыз ету. Сондықтан зерттеу университетінің әлемдік тәжірибеге сәйкес табысты жұмыс істеуі үшін озық технологиялар мен ғылыми-зерттеу әдістерін дамыту – басты міндет.

А.К. БЕЙСЕНБАЕВА,
Б.М. АСАНОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің қауымдасқан профессорлары

АГРОӨНЕРКӘСІП

Астық қоры жеткілікті

> [1]

Ал өткен жылы 251 мың га дәнді дақылдар алқабынан орта есеппен гектарына 9,9 центнерден орташа өнімділікпен 242 мың тонна астық жиналды. 2018 жылы 245 мың гектар дәнді дақылдар алқабынан әр гектарынан орташа өнімділік 7,0 центнерді құрап, 171,4 мың тонна астық алынды. Күздік бидайдың ең жоғары өнімділігі Бәйтерек ауданындағы «Матевосян» шаруа қожалығында гектарына 40 центнерге, «Агро-Сервис Батыс» ЖШС-да гектарына 30 центнерге және Теректі ауданындағы «Тұлпар ЛТД» ЖШС-да гектарына 30 центнерге жеткен.

Облыста қуаңшылыққа байланысты 4,9 мың гектарға жуық егіс алқабы (2019 жылы 4,8 мың га) есептен шығарылды. Әсіресе, өңірдегі бидай дақылы егістігінің 55,6%-ын құрайтын Бәйтерек ауданында есептен шығарылған егістік ауданының көлемді екені түсінікті. Онда 2,8 мың гектар алқаптағы ауыл шаруашылығы дақылдары күйіп кеткен. «2019 жылмен салыстырғанда егіс алқаптарының азайғанына қарамастан биыл дәнді дақылдардан алынған жалпы өнім 260 мың тоннаны құрап отыр. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 18 мың тоннаға артық. Дәнді дақылдардың жалпы жоғары түсіміне күздік дәнді дақылдардың егістігінің ұлғаюы әсер етті. Күздік дақылдардың орташа өнімділігі әр гектардан орташа есеппен 21,2 центнерден (2019 ж. – 13,2 ц) болып, 170 мың тонна астық алынды және бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 80 мың тоннаға артық. Осының өзі өңірімізде күздік дәнді дақылдардың жаздық дақылдарға қарағанда бітік өсетінін айқын көрсетеді. Алдын ала жасалған болжам бойынша жемдік дақылдың жалпы өнімі 60 мың тоннаны құрады», – деді Денис Омашев.

Облыста азық-түлік бидайына деген ішкі қажеттілік жылына шамамен 54 мың тонна шамасында болады. Биылғы егін орағынан жиналған бастапқы салмақтағы 260 мың тонна астық облыстың қажеттіліктерін толығымен жабады. Биыл алдынала дәндік-жемдік қор бойынша 60 мың тонна жемдік астық дайындау жоспарланған, бұл сұраныстың 33,3%-ын құрайды. Облыста 2020-2021 жылдары мал қыстату үшін 180 мың тонна жем қажет. Облыстық әкімдіктердің, ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке қосалқы шаруашылықтардың мәліметтері бойынша қажетті жемшөп дәнінің 96,5 мың тоннасын сатып алу жоспарланған. Аудандар бойынша 2020 жылғы 16 қырқүйектегі жағдай бойынша 68,2 мың тонна немесе жоспардың 70,7% сатып алынды, оның ішінде Ресей Федерациясынан 80 тонна жем сатып алынды.

Денис Омашевтың айтуынша, бүгінде өңірдің астық нарығында 1 тонна азық-түлік бидайын сатып алудың орташа бағасы 95 мың теңгені құрайды, жемдік дәннің құны тоннасына орта есеппен 75 мың теңгені құрайды. Қазіргі уақытта облыстың ұн тартатын ірі кәсіпорындарында бірінші сортты ұнның 1 тоннасының сату бағасы 132 мың теңгені, жоғары сорт 150-163 мың теңгені құрайды. 2019 жылдың қырқүйегінде бидайдың сапасына байланысты 1 тонна үшін 74-78 мың теңге, 1-сұрыпты ұнның 1 тоннасы 105 мың теңгені, ең жоғары сұрыпты ұн 124-143 мың теңгені құрады. Астық пен ұнның бағасы әлемдік нарықтағы сұраныс пен бағаларға байланысты қалыптасады. Қазіргі уақытта олардың бағасы тұрақты. Өткен жылы баға конъюнктурасын тұрақтандыру және ұн бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында тұрақтандыру қоры 1000 тонна көлемінде, биыл жергілікті өндірушілерден 400 тонна 1-сұрыпты ұн сатып алынды. Биыл облыста ұн бағасының өсуі байқалмайды, нан бағасы да сол деңгейде және жергілікті атқарушы органның бақылауында тұр.

Батыс Қазақстан облысы

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

eurasianet

Орталық Азиядағы іскерлік белсенділік артты

Қазақстанның экономикасы, жалпы алғанда, әлемнің басқа да бөліктеріндегідей, жапа шегіп жатқанда, Пекиннің соңғы мәліметтеріне сәйкес, тамыз айында Қытайға қазақстандық экспорт әлдеқайда өскен. Өткен жылдың сондай кезеңімен салыстырғанда, химикаттар эспорты үш есе (151 миллион долларға жетіп) шарықтаса, темекі – 15 есеге жуық (2 млн доллар) өсіпті, ал мақта – екі есе (1,8 млн доллар) артық экспортталған, деп жазады https://eurasianet.org өзінің ағылшын тіліндегі сайтында.

Сондай-ақ қазақстандық жүк жөнелтушілер жалпы сомасы 24 миллион долларлық сан-алуан азық-түлік өнімдерінің ауқымды көлемін жеткізіп берген. Жалпы, ҚХР-ға экспорт 881 миллион долларға жетіп, былтырмен салыстырғанда 20 пайызға артқан.

Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Шынжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Кеден басқармасы 8 қыркүйекте кезекті жыл сайынғы мәжілісін өткізді. Соның аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын бақылау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шекараларда зертханалар ашу мәселесі де қарастырылды, дейді Eurasianet.org қазақстандық БАҚ-тарға сілтеме жасап.

Henley & Partners

Паспорттар рейтингінде – 67-ші орын

Қазақстан Республикасы паспорттар рейтингіндегі жайғасымын жақсартып, 67-ші орынды иеленді және республика тұрғындары әлемнің 75 еліне визасыз саяхаттай алады. Бұл туралы IV тоқсан мәліметтері бойынша Henley & Partners компаниясының зерттеулерінде айтылған.

Зерттеулерге сәйкес, Жапония паспорты (іс жүзіндегі тыйым салулар мен жабық шекараларды есептемегенде) 191 елге визасыз бару индексімен бірінші орында қалған. Сингапур 2-орында (190 ел), Германия мен Оңтүстік Корея 3-ші (189 ел) орында.

Айта кету керек, 2020 жылдың шілдесіндегі мәліметтер бойынша, қазақстандық паспорт жайғасымы нақты түрде де, ЕО шектеулеріне байланысты (68-орын) да өзгермеген. Сонымен қатар жарты жылда еліміз рейтингте айтарлықтай ілгерілеген: 2019 жылдың қарашасында 84-ші орында болған екенбіз.

WORLD BANK GROUP

Ширек ғасырдағы бірінші рецессия

1995 жылдан бері, аймақтың нарықтық экономикаға көшуіне байланысты мәжбүр болған күйзелісті кезеңдерден бергі уақытта, Орталық Азия бірінші рет экономикалық рецессияны бастан өткеруде, деп жазады Дүниежүзілік банк Аймақ бойынша экономикалық шолуында.

Әлемдік қаржы нарықтары мен мұнайға бағалардың құлдыраған кезінде де, Ресейдегі 1998 жылғы қаржылық дағдарыстан кейін де бұл аймақ ІЖӨ қысқаруын бастан кешпеген. Тіпті қатер дүмпуін әлем елдері өз бастарынан он жылдан астам кешкен 2008 жылғы жаһандық дағдарыстан соң да мұнда бұл сезілмеді. 2014-15 жылдардағы мұнайға бағаларды күрт төмендеуінен кейін де қиыншылық сезілмеді. 2020 жылғы COVID-19 індетіне дейін солай болды.

Шикізат экспорты мен ақша аударымдарына өте тәуелді Орталық Азияда ІЖӨ қысқауы 2020 жылы 1,7 пайызды құрауы мүмкін. Қазақстанда сауда және ойын-сауық секторларының белсенділігі әлі де 2020 жылдың қаңтарындағы көрсеткіштердің үштен біріне жетеғабыл күйінде қалып отыр, ал бөлшек сауда көлемі 12 пайызға жуық құлдыраған, делінген шолуда.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ СЕНІМДІ ҚҰРАЛЫ

Биыл жыл басынан бері қазақстандықтар 13,2 мың алтын құйма сатып алды.

Қаңтардан қыркүйекке дейінгі кезеңде ел тұрғындары екінші деңгейлі банктерден және банктік емес айырбастау пункттерінен жалпы салмағы 566,3 кг болатын 13 208 өлшеуіш құйманы сатып алды. Қыркүйек айында жалпы салмағы 65,2 кг болатын 1 480 өлшеуіш құйма сатылды, деп хабарлайды Ұлттық банктің баспасөз қызметі.

Алтын құймалары бес түрде ұсынылған: 5, 10, 20, 50 және 100 г. Салмағы 10 г құйма ең көп сатып алынған. Сатудың жалпы көлемінен оның үлесі 25% – 8 701 данаңы құрайды. Құймаларды сатып алу бойынша өңірлер арасында көшбасшы – Алматы қаласы (55%), одан кейін Атырау (14%), Нұр-Сұлтан (10%) және басқа өңірлер (21%) болды.

Алтын құймалары – инвестициялаудың сенімді құралы. Банктердің және банктік емес айырбастау пунктерінің клиентке «сол күні» ақша төлей отырып, құймаларды кері сатып алу мүмкіндігі – алтын құймалары нарығының өтімділігін қамтамасыз етудің негізгі факторы. Әрбір құйма қорғаныш элементтерімен шығарылады. Қорғаныш орау құйма сапасының сертификаты болып табылады.

Ұлттық банк халық үшін тазартылған алтынның өлшемдік құймаларын сату және кері сатып алу бағдарламасын 2017 жылы іске қосты. Сол жылдан бастап бүгінге дейін жалпы салмағы 1,25 т құрайтын 34 688 өлшеуіш құйма сатылған болса, жалпы салмағы 3,2 кг болатын 119 өлшеуіш құйма кері сатып алуға қабылданған. Бұл алтын құймалары инвестициялаудың және қор жинақтаудың ұзақ мерзімді құралы болып табылатындығына байланысты.

Қазіргі кезде алтын құймаларын Halyk Bank-тен, Еуразиялық Банктен, Jýsan Bank-тен, Банк ЦентрКредиттен, сондай-ақ банктік емес айырбастау пункттерінен сатып алуға және оларға кері сатуға болады.

▶ COVID-19

БАНКНОТТАРДА ВИРУСТЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ ҚАНШАЛЫҚ?

Банкноттардағы вирустың «өмір сүру қабілеттілігі» қандай?

Осы ретте Ұлттық банктің қолма-қол ақша айналысы департаментінің директоры Ж.Қажымұратов банкноттар арқылы COVID-19 таралуына қатысты түсіндірме берді. «Банкноттардағы COVID-19 өміршендігінің бірнеше нұсқасы бар. Бір деректер бойынша вирус бөлме температурасында заттардың бетінде 28 күнге дейін, басқа деректер бойынша – 24 сағатқа дейін өмір сүреді, Еуропа Орталық банкінің деректері бойынша банкноттардағы COVID-19 іздері бірнеше сағаттан кейін жоғалады. Біздің пікірімізше, банкноттардағы вирустың «өмір сүру қабілеттілігі» мәселесі дәлірек деректерді айқындау үшін одан әрі зерттеулерді қажет етеді», – деді ол.

Ұлттық банк әдетте банкноттарды қайтадан айналысқа шығару алдында ақшаны банктік орауға орап, кемінде 14 күн сақтау орнында сақтайды. Осыдан кейін ғана мамандар ақшаны сұрыптауға және санауға кіріседі. «Вирустың «өмір сүру» ұзақтығы жөніндегі әр түрлі нұсқалардың болуы ескеріле отырып, алдын алу мақсатында қолма-қол ақша қайта санауға дейін ашылмаған күйі 45 күн бойы сақталады», – деді Ж.Қажымұратов.

Сондықтан да Ұлттық банктен айналысқа түсетін банкноттардың бетінде COVID-19-дың болу ықтималдығы шамалы.

▶ КЕПІЛДІК: ДЕПОЗИТ

САЛЫМШЫЛАРҒА 10,7 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ТӨЛЕДІ

ҚДКБҚ «Tengri Bank» АҚ салымшыларына 10,7 млрд теңге төледі.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ) агент банк ретінде таңдап алынған Еуразиялық банк арқылы «Tengri Bank» АҚ салымшыларына алғашқы 5 күн ішінде 10,7 млрд теңге төледі. Бұл кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша ҚДКБҚ міндеттемелерінің жалпы сомасының 60,4 пайызын құрайды.

Өтем алу бойынша агент банкке «Tengri Bank» АҚ-тың 2,3 мыңдай салымшысы өтініш беріп үлгерді. Олардың көпшілігі Алматыдан – 599 адам, Павлодардан – 328, ал Нұр-Сұлтан қаласынан – 319 адам. Облыстардың басым бөлігінде салымшылар алдындағы өтелген міндеттемелердің үлесі 50 пайыздан жоғары.

Еуразиялық банктің онлайн-сервистері салымшыларға кезекке тұруды қарауға, бөлімшелердегі жұмысбастылықты бағалауға, кепілдік берілген өтем сомасын тексеруге, сондай-ақ карточка жасап шығару және оны тегін жеткізу жөнінде қашықтан өтініш беру арқылы төлемдерді қашықтан алу опциясын пайдалануға мүмкіндік берді. Келіп түскен өтініштердің статистикасына сәйкес, алғашқы күні төлем карточкаларын шығару 2,5 есеге өскен.

«Tengri Bank» АҚ салымшылары кепілдік берілген өтемді картаға аударудан басқа, оны Еуразиялық банктің бөлімшелерінен мына тәсілдер бойынша ала алады: агент банктің кассасынан қолма-қол ақшамен; ақшаны агент банктегі банк шотына немесе кез келген басқа банкке аудару арқылы.

ҚДКБҚ өтемді депозиттегі қалдық соманың, банк шоты немесе төлем карточкасындағы ақшаның көлемінде, бірақ кепілдік берілген ең жоғары сома аясында өзінің арнайы резервінен төлейді.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ НАҚТЫ ЖАҒДАЙ

Өнер және ойын-сауық саласындағы қызметтер көлемі қысқарған

Коронавирус індеті ланы қатарында өнер, ойын-сауық отаулары және спорт саласына тигізген жайсыздықтар мәні өрескел болды десек қателеспеміз. Әйтсе де, қыркүйектен бастап театрларға, толықтырылуы 50%-дан және 50 адамнан аспаған жағдайда ғана жұмыс істеуге рұқсат берілді, деп хабарлайды www.finprom.kz сайты.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Шығармашылық, өнер және ойын-сауық салаларындағы қызметтер көлемі ағымдағы жылдың бірінші жартысында 21,4 млрд теңгені құрады – былтырғы жылдың осындай кезеңіндегіден 16,8%-ға (НКИ – нақты көлем индексі – 79,2%) кем. Бұл соңғы 5 жылдағы бірінші қысқару екен.

Халықтың, әсіресе жастар мен орта жастағылар көбірек қалайтын және карантин басталғаннан бері сол күйі жабық қалып келе жатқан кинотеатрларға қарағанда, театрларға шектеу біршама босаңсыған сияқты. Атап айтқанда, Денсаулық сақтау министрлігі хабарлағандай, театрларға толықтырылуы 50%-дан және 50 адамнан аспаған, infokazakhstan.kz порталында тіркелген жағдайда ашылуға рұқсат берілген *(1-инфографика)*.

Спорт саласына да оңай тиіп жатқан жоқ. Тиісті ведомство бұл бағытта да хал-қадерінше қимыл танытуда, мәселен, өткен жұмада Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт вице-министрі Сәкен Мұсайбековтің жетекшілік етуімен «Оқу процесін қашықтан ұйымдастыру» тақырыбында семинар жиналыс өтті.

1-инфографика

ҚРҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде

2-инфографика

ҚРҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде

3-инфографика

Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы іс-қимылдар. Қаңтар-маусым (млн тг)

	2020	2019	Өсім
Барлығы	**21 403,5**	**25 728,4**	**-16,8%**
Театр қызметі	10 767,0	10 564,4	1,9%
Концерттік қызмет	7 689,5	7 693,3	0,0%
Көркем және әдеби шығармашылық	1 304,7	4 271,9	-69,5%
Концерт және театр залдарының қызметі	832,7	1 801,0	-53,8%
Цирктер қызметі	604,9	495,6	22,1%
Мәдени-ойын сауық шараларын өткізуге мүмкіндік беретін қызметтер	204,8	902,3	-77,3%

ҚРҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде Finprom.kz

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, министрлікке қарасты 5 мектеп-интернат-колледжінің әдіскерлері мен мұғалімдері, облыстардағы дене шынықтыру және спорт басқармаларына бағынысты спорт мектептерінің өкілдері қатысты.

Семинарға қатысқан оқытушылар тәжірибелерімен бөліскен. Өңірлерден іс-шараға қосылған мұғалімдер жергілікті жерлерде қашықтан оқытудың артықшылығы мен қиындығын айтты. Республикалық мектеп-интернат-колледждің оқытушылары жыл басынан бері біраз тәжірибе жинағанын, оқушылардың қашықтан оқуға бейімделгенін тілге тиек етті.

Шолуымызға қайта оралар болсақ – шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызметтер көлемінің қысқаруы тек үш аймақта ғана: Нұр-Сұлтан қаласында (–43,5%), Алматыда (–31,5%) және Атырау облысында (–32,8%) байқалған.

Қызмет көрсету бойынша ТОП-3 аймақтарды Нұр-Сұлтан (5 млрд теңге), Алматы (4,2 млрд теңге) қалалары, сондай-ақ Қарағанды облысы (2 млрд теңге, сонымен қатар мұнда еліміз аймақтары арасындағы ең үлкен өсім байқалды – 63,4%) құрапты *(2-инфографика)*.

Сектордағы қызметтер көлемінің өсуі театр қызметінде (202,6 млн теңгеге немесе 1,9%-ға, басқаша айтқанда 10,8 млрд теңге дейін) және цирк көрсетілімдерінде (109,3 млн теңгеге немесе 22,1%-ға, 604,9 млн теңгеге дейін) орын алған.

Қызметтердің ең көп қысқаруы көркемөнер және әдеби шығармашылық саласында (3 млрд теңгеге жуық немесе 69,5%-ға, 1,3 млрд теңгеге дейін), концерттік және театрлық залдардың іс-кимылдары саласында (968,2 млн теңгеге немесе 53,8%-ға, 832,7 млн теңгеге дейін) байқалған *(3-инфографика)*.

▶ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жолдар тақтайдай тегіс болады

Ақ Жайық өңіріндегі Тасқала ауданының орталығында 35 көше жолына қатты асфальт жабыны төселіп, бұрынғы ойдым-ойдым жолдар тақтайдай тегістеліп жатыр.

ГҮЛБАР ДЫБЫСҚАЛИ

Ауылдағы көше жолдары «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджет қаржысы есебінен жаңартылуда. Соның ішінде бірінші жоба бойынша Ш.Қалдаяқов және Шежін, Т.Жароков, А.Сабыров, Әбілқайыр хан, Д.Нұрпейісова, Скоробогатов көшелерінің бір бөлігін, Көктем, Самал шағын аудандарының көше жолдарын күрделі жөндеуге мердігер «Айдана» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. Екінші жоба бойынша да аталмыш мердігер Қ.Сәтбаев, Керей хан, Жәнібек хан, С.Сейфуллин, Б.Момышұлы, Қ.Аманжолов атындағы көше жолдарын жөндеуде. Үшінші жоба бойынша С.Ахметқалиев, Саябақ, Т.Шевченко, И.Панфилов және Халықтар достығы көшелерінің жолдарын жөндеуді «Ануш құрылыс» ЖШС мойнына алған. Төртінші жоба бойынша Б.Жасыбаев, Сәулет шағын ауданы, Жамбыл, Қ.Мұнайтпасов, Ә.Молдағұлова, А.Нечаева, М.Жұмағалиев, Доспамбет жырау, Ғ.Ержанов, Жеңіс көшесінің (бір бөлігі) жолдарын «Айдана» компаниясы күрделі жөндеуден өткізуде.

Мамандардың айтуынша, екі жоба бойынша жолдарға ескі әдіспен қиыршық тас төсеу арқылы, ал қалған екі жобадағы көше жолдарына жаңа технологиямен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа технологияның өзгешелігі неде десек, онда қиыршық тастың орнына жергілікті материал – құм мен топырақты пайдаланып, оған цемент және топырақты біріктіргіш қосылады да, үстінен асфальт жабын төселеді. Жаңа әдісте қаржы шығыны аздау болады, алыстан қиыршық тасты «арбалап» жүрмейді. Аталмыш төрт жоба екі жылға жоспарланған. Алайда тиісті қаражат толықтай бөлінгендіктен, жоспарлы шараны келесі жылға қалдырмай биыл аяқтау көзделіп отыр. «Төрт жоба бойынша ауылдағы көше жолдарының 20 шақырымы күрделі жөндеуден өтеді. Сонымен қатар жоба шеңберінде жаяу жүргіншілер жолы, лайсаң суды өткізетін құбырлар, аутотұрақтар орны да ретке келтіріледі. Мердігерлер құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Бүгінде барлық нысандағы жұмыстың 60 пайызы атқарылды. Құрылыс материалдары жергілікті өндірушілерден, цемент Ақтау қаласынан және тұрақтандырғыш Ресейдің Волгоград қаласынан тасымалдануда», – деді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің меңгерушісі Әлібек Тәшімов.

Жол жөндеу жұмыстарына жергілікті тұрғындарды тарту қиынға соғып тұр деседі мамандар. Көше жолдарын жөндеу жұмыстарына 60 адам тартылуы тиіс еді. Жалақысы 85 мың теңгенің қара жұмысын ауырсына ма, кім білген, ауылдан жұмыс істеуге құлықты азаматтар табылмай отырғаны таңғалдырады.

Ауданда «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында облыстық және республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, Мерей ауылына кіреберіс 13 шақырымдық аутожолға орташа жөндеу жұмыстары басталды. Мердігер «Асфа» ЖШС жеті шақырым жолға асфальт жабынын төседі.

Алдағы жылы Тасқаланың екі, Мерей, Мереке ауылдарынан бір-бір ауылішілік көшелердің және Аманкелді ауылының кіреберіс жолдарын жөндеу жоспарланған. Күрделі жөндеу жұмыстарының құжаттамалары жасақталған. Тасқала ауданының орталығында барлығы 67 көше бар. Биыл 35 көше жөндеуден толық өткен жағдайда, Тасқала ауылының көше жолдарының 85 пайызы асфальтталып, сүргіленген тақтайдай теп-тегіс болады.

Батыс Қазақстан облысы

БИЗНЕС&ӨНДІРІС

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА

Дәрі-дәрмек өндірісі артты

> [1]

Бұл ретте барлық ықтимал өндірістік резервтер мен қуаттарды іздеу мен іске қосуға, өндірістік тәртіпке, санитарлық нормалардың сақталуын қатаң бақылауға баса назар аударылды. Наукастардың денсаулығына жауапты бола отырып, барлық қажетті шаралар қабылданды, дәрі-дәрмек өндірісі қарқынды жалғасып, өндіріс көлемі ұлғайды.

Соңғы жеті жылда мемлекеттік қолдаудың арқасында қазақстандық фармацевтикалық нарықтағы SANTO компаниясының үлесі 4,7%-тен 6,0%-ке дейін ұлғайды. SANTO – бұл Polpharma халықаралық компаниясының инвестициялық сомасы 100 млн АҚШ долларынан асатын, еліміздегі дәрілік заттардың ең ірі отандық фармацевтикалық өндірушісі. Компанияның өндірістік циклі GMP халықаралық стандарттарына сай, сондай-ақ GDP тиісті дистрибьютерлік практикасы енгізілген.

2019 жылы «Химфарм» АҚ зарарсыздандырылмаған ерітінділер мен сироптарды өндіруге GMP сертификатын, сондай-ақ CEF тобының антибиотиктерін асептикалық қопсыту үшін GMP сертификатын алды. Фармацевтикада асептикалық өндіріс ең қиын өндірістің бірі болып саналады. Стандартты технологиялық өндіріс процедураларын ұстанудан басқа, процесс қатал стерильділік жағдайларын жасауды және сақтауды талап етеді. Мұның бәрі компанияның фармацевтикалық өнімдерді ішкі, сонымен қатар сыртқы нарықтарда сату үшін оларды өндірудің сапасын жақсартуға қатысты жасалған үлкен жұмыстарын айғақтайды.

«Химфарм» АҚ фармацевтикалық компаниясы соңғы екі жылда экспорт көлемін 2,5 есеге арттырды. Бүгінгі таңда кәсіпорынның дәрілік заттары Орталық Азия және ЕАЭО нарықтарында кеңінен сұранысқа ие. Өнімдер Тәжікстан, Түрікменстан, Монғолия, Ресей және Қырғызстан сияқты елдерге экспортталады. Сонымен қатар келесі жылы Өзбекстан нарығын игере отырып, экспортты екі есеге арттыру жоспарланған. Бұдан бөлек, маңызды бастамалардың бірі – Еуропалық одақтың дәрілік нарығына шығу. Компания енді дәрілік заттарды экспорттау бойынша Еуроодақ нарығында белді ойыншыға айналмақ. Осылайша, 2023 жылға қарай экспорт көлемін 4 есеге, яғни 16 млрд тенгеге дейін ұлғайту жоспарлануда.

Бүгінде кәсіпорынның 11 өндірістік желіде өндірілетін 9 түрлі нысандағы 120-дан астам дәрілік заттарының түрлері бар, ал бұл отандық өндірушінің оннан астам емдік топтарда ұсынылғанының көрсеткіші болып табылады. Компанияның R&D әлеуеті дәрілік заттардың 10 жаңа позициясын ағымдағы жылдың соңына қарай нарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ 2023 жылға қарай наукастарды емдеу үшін қазақстандық өндірістің елуге жуық препаратын ұсыну жоспарланып отыр.

Өткен жылы «Химфарм» АҚ өндірісінің көлемі 15%-ке өсті. Бұл көрсеткіш құрамында алкалоидтар мен антибиотиктер бар дәрі-дәрмектер өндірісінің өсуіне байланысты. Егер соңғысының өсімі 57 мыннан 169 мың тоннаға дейін артқан болса, алкалоидтар өндірісі 813 мыңнан 829 мың тоннаға дейін өсті. Бүгінде компанияның өндірістік қуаты жыл сайын 420 миллион таблетка, капсула және түйіршіктер, инъекциялық ерітінділері бар 140 миллион ампулалар, 37 миллион флакон антибиотик ұнтақтары (цефалоспориндер), 13 миллион флакон антибиотик ұнтақтары (пенемалар - мициндер) және 3 миллион флакон сұйық ішілетін дәрілік заттар шығаруға мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Отандық техника егістікті бағындыруда

Аграрлық сектордың табысты дамуы бүкіл ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін белгілейді. Осы тұрғыда саладағы стратегиялық маңызды міндеттердің бірі – өнімділікті, әртараптылықты қамтамасыз ететін жоғары технологиялы ауылшаруашылық техникаларын шығару.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Өндіріс құралдарының түгел, тұтас, тиімді болуы – кез келген сала үшін базалық мәселе. Соңғы жылдары елімізде аграршылар мен фермерлерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылуда. Осылармен қатар, нарық дамуы аясында өнім түрлерін кеңейтуге және фермерлер үшін технологияның қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін отандық ауылшаруашылық техникаларын шығарудың маңызы зор. Өйткені, тозығы жеткен парк елдің агроөнеркәсіптік кешенінің дамуын қиындатады, бұл қазақстандық фермерлер өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. Ескі техниканы пайдалану шаруа қожалықтарының және тұтастай ауылшаруашылық салаларының экономикалық тиімділігін төмендетеді. Соның ішінде ауылшаруашылық тауарын өндірушілерге жөндеу жұмыстары, құрал-жабдықтар, жанар-жағармай материалдары үшін қомақты қаржы жұмсауына тура келеді. Осыған байланысты фермерлер үшін қолжетімді бағамен өз жоғары технологиялы жабдықтарымызды өндіру еліміз үшін әрқашан өзекті болып келді.

Бүгінде бірқатар көрші елдер көбінесе өздерінде жасалған агромашиналарға басымдық беріп, оларды жарты немесе одан да көп көлемде қолданады. Бізде де бұл бағытта көшбасшы өндірушілер қалыптасып келеді. Оның ішінде KAIK – Қазақстандық агроинновациялық корпорациясын атап өтуге болады. «Вираж» тобының еншілес компаниясы болып табылатын KAIK өз жұмысы барысында металл дайындау, дәнекерлеу, бояу және құрастыру секілді бірқатар технологиялық операцияларды жүргізді. Зауыт фермерлерге әртүрлі типтегі ауылшаруашылық машиналары мен жабдықтарының 50-ден астам үлгілері мен модификациясын: астық жинау комбайндары, тракторлар, тіркеме және орнатылған жабдықтарды ұсынады. KAIK отандық зауытында құрастырылған ауылшаруашылық техникасы жоғары өнімділікпен, қазақстандық климаттық жағдайларға бейімделгіштігімен, жанжақтылығымен ерекшеленеді. Қолжетімді баға, қосымша құн салығының болмауы, сондай-ақ қаржыландырудағы жеңілдіктер фермерлер үшін өте қолайлы.

Ағымдағы жылы компания комбайндар өндірісін үш есеге дейін арттырып, 120 данаға жеткізді, оның ішінде аграршылардың жоғары сұранысына ие ACROS астық жинайтын комбайндар мен жаңа қуатты TORUM роторлы комбайндары бар. Кәсіпорын МТЗ тракторларын құрастыру желісін құрды және жылына 1000 данаға дейінгі тракторлардың алғашқы өндірістік қуаттылығына жетті. Алдағы уақытта кәсіпорынның өндірістік қуатын жылына 5500 бірлікке дейін жабдықтауға, жұмыс орындарының санын 2 еседен астам арттыруға мүмкіндік беретін өндірістік блоктың екінші кезеңін салу жоспарлануда. Сонымен өндіріс аясы кеңейіп, 12 мыңнан астам шаршы метр пайдалануға берілмек. Зауытта күнделікті 200 адам жұмыс істесе, енді қосымша 400-ден астам жұмыс орны құрылатын болады.

Бүгінде диқандар егін жинау кезінде отандық техниканы белсенді пайдаланады. Биылдың бірінші жартыжылдығында отандық ауылшаруашылық техникаларын өндірушілердің шығарылымы 33,7 млрд теңгеден асты, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 125%-ке көп.

Отандық ауылшаруашылық техникаларын өндірушілер алдында өндіріс көлемін және оқшаулау деңгейін арттыру бойынша әлі де көп жұмыс тұр. Бұл мүдделі мемлекеттік органдармен және ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен тығыз байланысты үлкен жүйелі жұмыс. Әлбетте, осы жолда салаға мемлекеттің нақты назары, тұрақты қолдауы қажет болады.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ПАРЛАМЕНТ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Сенаторлар шағын және орта бизнестің даму мәселелерін талқылады.

Парламенттік тыңдауға дайындық барысында Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшелері «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының басшылығымен кездесіп, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау мәселелерін талқылады. «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы – 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» және басқа да бағдарламалар аукымында қаржылық қолдауды жүзеге асыра отырып, қадағалайтын қаржы агенті болып табылады.

Комитет төрағасы Дәурен Әділбеков атап өткендей, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы 2025 жылға дейін шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған бірқатар мақсатты индикаторларды қамтиды. Мысалы, оның ішінде ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнес үлесін кем дегенде 33,8% дейін жеткізу бар.

«Даму» қорының басқарма төрағасы Ғаухар Бөрібаева бүгінге дейін қор барлық қаржылық бағдарламалар бойынша 5,9 трлн тенге несиеге 95 мың жобаны қолдағанын атап өтті. Биыл кәсіпкерлердің белсенділігі жоғары болып отыр. Мемлекеттік бағдарламалар аясында кепілдендірілген 10,1 мың несиеге қолдау көрсетіліп, 67,6 мың жеңілдетілген несие берілді. Қор басшысы экономика салалары бойынша несие көлемі жағынан өндеуші өнеркәсіп басым екенін, ал қарыз алушылар саны жағынан ең үлкен өсім сауда мен ауыл шаруашылығында байқалатынын айтты.

Сенаторлар шағын және орта бизнестің дамуына кедергі болатын факторлар мен тәуекелдерге қатысты бірқатар мәселелерге назар аударды. Қатысушылар осы мәселелерге қатысты ұсыныстар енгізді, деп хабарлайды Сенаттың баспасөз қызметі. Парламенттік тыңдау нәтижелері бойынша шағын және орта бизнесті дамыту үшін Үкімет, мүдделі мемлекеттік органдар және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына бірқатар ұсыныстар әзірленетін болды.

МАҚТА ӨНДІРІСІ

ЭКСПОРТҚА БАҒЫТТАЛҒАН САЛА

Елімізде мақтаның сатып алу бағасы бекітілді.

Қазақстандағы мақта саласы негізінен экспортқа бағытталған. Сондықтан бұл саладағы баға саясаты өнімге сыртқы нарықтағы сұраныстың негізінде қалыптасады. Биыл еліміздің мақта нарығындағы шетелдік компаниялардың белсенділік деңгейіне әлемдегі күрделі эпидемиологиялық жағдай мен Еуропадағы коронавирустың екінші толқынының таралуы әсер етті. Осы ретте сатып алу бағасын анықтау мәселесін реттеу үшін ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі А.Сапаровтың төрағалығымен Түркістан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен Қазақстан мақта қауымдастығы және мақта өндеу зауыттары басшыларының қатысуымен кеңес өтті. Кеңес қорытындысы бойынша 9 қазанда өткен мақта дайындаушылар мен қайта өңдеушілердің жиналысында 1 және 2-ші сұрыпты шитті мақтаның сатып алу бағасы бір келісіне 130 теңгеден жоғары болып бекітілді.

АГРОӨНЕРКӘСІП

ШЫҒЫН АЗАЙЫП, ӨНІМДІЛІК АРТТЫ

Алматы облысында 1200 ауыл шаруашылығы техникасымен жабдықталған 51 сервистік-дайындау орталығы жұмыс істейді.

Өңірде «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 7 бағытта 51 сервистік-дайындау орталығы құрылып, оларға қаржы лизингімен 1200-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Осы орайда Алматы облысы – сервистік-дайындау орталықтары табысты жұмыс істеп келе жатқан өңірлердің бірі, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімінің тапсырмасымен соңғы жылдарда өңірде қант қызылшасы бағытында 29, дәнді дақылдар бойынша – 7, көкөніс – 1, жүгері – 2, күріш – 4, картоп – 3, жем дайындауда 5 сервистік-дайындау орталығы құрылып, олардың жалпы саны 51-ге жеткен. Осының ішінде биыл құрылған 6 орталыққа 88 техника алып берілді. Заманауи техниканы жеңілдік шарттарымен ұсынатын сервистік-дайындау орталықтары іс жүзінде ауылдағы бизнесті дамытуға зор ықпал етіп, әлеуметтік жобаға айналды.

«Жетісу» ӘКК» ӘДИ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Орымбасаровтың айтуынша, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері шығындарды бірнеше есе онтайландырып, фермерлердің шығыстарын азайтқан ең заманауи және «ақылды» техниканы қолданып келеді. Арнайы техникалар CLAAS, DEUTZ-FAHR, JohnDeere, FranzKleine, «Ростсельмаш», Минск трактор зауыты және басқа да әлемдік өндірушілерден сатып алынады. Технология барысында көп еңбекті қажет ететін үдерістер кең аукымды машиналардың көмегімен жүзеге асырылады. Бұл ретте дақылдарды нүктелік технологиямен себу және оларға күтім жасау егістікті арамшөпсіз таза ұстауға және дақыл аралығының сиректігіне қол еңбегін пайдаланбай-ақ қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы сервистік-дайындау орталықтарының жұмысы ауыл шаруашылығы құрылымдарын шоғырландыру ынталандыру, кешенді түрде өндірістік және маркетингтік қызметтер көрсету арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру және сол арқылы ауыл халқының өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Ауыл еңбеккерлері межеден көріне білді

Ел ырыздығын еселеп, егін даласын еңбек күйіне бөлеген жиын-терін науқаны да мәреге жетті. Бүгінде қарабаркын атырапта сүдігер жыртқан механизаторлар ғана көзге жиі шалынады. Ендігі қызу тірлік элеваторлар мен қамбаларға ауысып, астық жинау науқанының нәтижелерін сараптауға ойысқан. Осы ретте дикандардың таралғылы тартуларына Мемлекет басшысының ризашылық білдіріп, толымды табыстарымен құттықтауы ауыл еңбеккерлерінің жұдырықтай жұмылған жыл бойғы жұмысына берілген лайықты баға болды. «Биылғы егін егу науқаны коронавирус пандемиясы салдарынан елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты қиын жағдайда жүргізілгеніне» назар аударған Президент «соған қарамастан еліміздің егіншілері уйымшылдық танытып, ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді уақытылы аяқтады. Нәтижесінде қамбаларымыз астыққа толды. Негізгі астық өсіретін облыстарда жаз маусымы жауын-шашынсыз, құрғақ болды. Бүгінде ел өнірлерінде 20 миллион тонна көлемінде астық жиналды», деп айырықша атап өтті.

Сарапшылар мен ақпарат көздері көрсетіп отырғанындай, бұл еліміздің ішкі қажеттілігін толық қамтамасыз етеді, сондай-ақ экспорттық әлеуетімізді арттырып, Қазақстанның астық державасы мәртебесін сақтап қалуына мүмкіндік береді. Егін жинау науқаны бір айға ерте аяқталып, қоймаларға екі есе көп астық жинады. Биылғы жиналған астықтың сапасы жоғары және барлық талаптарға сай келеді. Мұндай жоғары нәтижеге технология талаптарын қатаң сақтау арқасында қол жетті. Сондай-ақ аграрлық өндірісті әртараптандыру мен саланы басқару тәсілдерін жетілдірудің, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауды күшейтудің де бергені мол болды. Мәселен, үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне барлық салықтар бойынша 70 пайыз жеңілдік қарастырылып отыр. Мұнымен қатар Президенттің қыркүйек айындағы Жолдауында ауылдағы кооперацияны ынталандыру шараларын әзірлеу міндеті қойылды. Қазіргі таңда негізгі назар тігінен топтастырылған зәкірлі кооперацияға аударылуда. Себебі ірі қайта өңдеу кәсіпорындарымен арадағы өзара іс-қимылсыз ұсақ шаруашылықтардың өркендеп, дамуы қиынға соғады. Алайда заман талабы тікелей кооперациямен қатар көлденең кооперацияны да қолға алуды, яғни шағын фермерлер мен жеке қосалқы шаруашылықтарды да өзара қауымдасуға тартуды талап етуде. Статистика деректері бойынша үстіміздегі шілдеде елімізде 2 906 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркелген, олар 52 мыңға жуық еңбеккерді, оның ішінде 27 мың жеке шаруашылықты біріктірген. Кооперацияның дамуын ынталандыру үшін бүгінде жоғары нормативтер негізінде инвестициялық субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Мал шаруашылығын субсидиялау ережелері шеңберінде аграрлық шикізат құнын арзандату көзделген. Сондай-ақ «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы ауқымында кооперативтерге несие «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 7 жылға дейінгі мерзімге 6 пайыз мөлшерлемемен берілуде. Осы ретте Жамбыл облысындағы «Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мұндай қолдауды 2,5 пайыз мөлшерлемемен көрсететінін атап өткеніміз жөн.

Бүгінде өндірістегі жоғары нәтижеге ғылым мен технология жетістіктерін күнделікті қам-қарекетке кеңінен енгізбей жету мүмкін емес. Осыған орай үкімет аграрлық ғылымды қаржыландыруға алдағы 3 жылға 50,4 миллиард теңге бөлмекші. Бұл қаражат аграрлық ғылымды дамытуға және заманауи ауыл шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандар даярлауға жұмсалмақ. Дерек көздеріне жүгінсек, қазіргі таңда әлемдегі фермерлердің шамамен 70 пайызы білімнің жетіспеушілігінен ашқан істерін жабуға мәжбүр болып отырғанын байқаймыз. Бұл бір жағынан кәсіби оқу және біліктілікті арттыру мүмкіндігінің жоқтығынан да туындаған ахуал. Кеңес заманында ауыл шаруашылығы саласының мамандарын қайта даярлау курстары тұрақты жұмыс істегенін, әр ауданның тірек нүктелері ретінде таңдап алынған кеңшарлар мен кәсіпорындарда озық әдістерді енгізу жөніндегі семинар-кеңестер жыл сайын өткізіліп тұрғанын көзіміз көрді. Бұл ұтымды тәжірибеге қайта оралуды өмірдің өзі талап етуде. Осы ретте агрокешен нысандарына білім беру қызметтерін ұсыну тәсілдерінің қайта қаралуы көңілге үміт ұялатады. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының еншілес ұйымдары құрылымының өзгертілуі, халықаралық стандарттар талаптарына және бизнес қажеттіліктеріне бағдарлануы құптарлық іс. Осы орайда ғылыми-зерттеу институттарының, тәжірибелік станциялардың, тәжірибелік-өндірістік шаруашылықтардың базасында 22 білім беру орталығы құрылғанын, тұрақты кеңес беру қызметтері ұйымдастырылғанын да айта кету керек. Сондай-ақ аграрлық ғылымды жеткілікті қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Мәселен, биыл Жоғары ғылыми-техникалық комиссия алдағы 3 жылға бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға 50,4 миллиард теңге бөлу жөніндегі ұсынысты мақұлдады. Бұл қаражат осы уақытқа дейінгі үш жылдыққа бөлінген қаражатпен салыстырғанда 2,3 есе көп. Бюджеттен бөлінген қомақты қаражатқа 10 басым бағыт бойынша, атап айтқанда, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ветеринария, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу жөніндегі 36 ғылыми-техникалық бағдарлама әзірлеу жоспарлануда. Келесі жылдан бастап агрокешен нысандарының ғылыми зерттеулерін енгізуге арналған шығындарды субсидиялау жоспарлануда. Бұл қазіргі заманғы технологиялар мен инновацияларды енгізу үшін қосымша экономикалық ынталандыруды, сондай-ақ бизнес пен ғылымның ықпалдасуын қамтамасыз етеді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ

Тұтыну да, өндіру де артқан

2020 жылдың қаңтар-тамызында, ҚР ҮЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, елімізде электр энергиясы 69,8 млрд кВт/сағ – бір жыл бұрынғы осындай кезеңге қарағанда – 0,3%-ға артық өндірілген. Ақпанға шаққанда электр энергиясының өндірісі, жеткізіп беру және жүйелерге бөлу 787 млрд теңгені құрады, деп жазады www.energyprom.kz сайтында.

ИСА ҚАМБАР

Жалпы алғанда, бүкіл 2019 жылы елімізде 106,5 млрд кВт/сағ – оның алдындағы жылға қарағанда 0,7%-ға кем электр энергиясы өндірілген *(1-инфографика)*.

Аймақтарға бөлгендегі ең көбірек көлем әдеттегідей Павлодар, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі: еліміз бойынша барлық генерацияның 63,2%-ы.

Павлодар облысында ҚР-дағы электр энергиясының 39,1%-ы: 27,2 млрд кВт/сағ – бір жыл бұрынғыдан 3,2%-ға аз. Қарағанды облысының еншісіне электр энергиясы өндірісінің 15,2%-ы: 10,6 млрд кВт/сағ – бір жылда плюс 5,1% – тиесілі екен. Үш үздікті қорытындылаған Шығыс Қазақстан облысы барлық электр генерациясының 8,9%-ын: 6,2 млрд кВт/сағ – былтырға қарағанда 3,2%-ға аз еншілепті *(2-инфографика)*.

Қазақстан электр энергиясы мен қуаты нарығы операторының (ҚЭКНО) деректері ҚР ҮЭМ СК-нің мәліметтерінен біршама өзгешелеу. ҚЭКНО ақпаратына сәйкес, электр энергиясының өндірісі сол сегіз айлық кезеңде 69,4 кВт/сағ – бір жыл бұрынғыдан 1,1%-ға артық көрсеткішті құрған. Қазақстандықтардың электр энергиясын тұтынуы 2020 жылдың қаңтар-тамызында, бір жылда 1,2%-ға артып, 69,3 млрд кВт/сағ-қа жеткен.

ҚР Үкіметінің селекторлық мәжілісінде жылу беру маусымына дайындық туралы мәселе қаралды. Қабылданған шаралар жайында энергетика министрі Нұрлан Ноғаев пен индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов есеп беру баяндамасымен сөйледі, деп хабарлайды ҚР премьер-министрінің ресми сайтынан.

Онда еліміздегі энергетика саласында 439 жоғары вольтті шағын станция жөндеуден өткізіледі деп жоспарланғаны айтылды. Осы кезге дейін 25,2 мың шақырым электр желісі және 428 шағын станция жөнделген, бұл жөндеу жоспарының 97%-ын құрайды. Сондай-ақ электр беріліс жолдарын (ЭБЖ) жөндеуді аяқтау да жоспарда бар *(3-инфографика)*.

Осы қыркүйекте еліміз бойынша электр энергиясының тарифі былтырмен салыстырғанда 6,6%-ға шарықтап кеткен. Облыстар мен еліміздегі мегаполистер арасында өсім бәрінен ауыр Батыс Қазақстан облысында (жылдық көрсеткіште бірден 19,9%-ға), астанамызда (15,5%-ға) және Шымкентте (10,1%-ға) сезілген.

Электр энергиясының арзандауы бір-ақ аймақта – Ақмола облысында, онда да азғантай – 0,9%-ға ғана тіркелген.

1-инфографика

2-инфографика

Электр энергиясын өндіру. 2020 ж. қаңтар-тамыз/млн кВт/сағ

	2020/08	2019/08	Жылдық өсім
Қазақстан	69 764,5	69 587,5	0,3%
Павлодар	27 245,1	28 131,5	-3,2%
Қарағанды	10 589,6	10 072,9	5,1%
Шығыс Қазақстан	6 225,2	6 433,1	-3,2%
Атырау	4 283,7	3 985,1	7,5%
Маңғыстау	3 219,4	3 391,1	-5,1%
Ақтөбе	2 777,4	2 725,1	1,9%
Алматы	2 470,9	2 488,0	-0,7%
Солтүстік Қазақстан	2 171,4	2 151,1	0,9%
Нұр-Сұлтан қ.	2 134,5	2 171,3	-1,7%
Алматы қ.	2 053,5	2 032,2	1,0%
Жамбыл	1 588,8	1 488,9	6,7%
Батыс Қазақстан	1 489,7	1 455,0	2,4%
Қызылорда	1 046,5	996,7	5,0%
Ақмола	799,7	681,2	17,4%
Қостанай	698,9	566,2	23,4%
Түркістан	506,2	374,1	35,3%
Шымкент қ.	464,1	444,0	4,5%

Ақпарат көзі: ҚР ҮЭМ СК

3-инфографика



СЫРТҚЫ ФАКТОР

2-9 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 9 қазанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,9%-ға (431,12-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 427,29 теңге деңгейінде қалыптасты.

Ұлттық валютаның нығаюына сыртқы нарықтардағы ахуалдың жақсаруы ықпал етті. Апта қорытындысы бойынша мұнай бағасы 9,1%-ға өсті. Мұнай бағасын белгілеудің өсуі «Дельта» даулының жақындағаны туралы жаңалықтар аясында өтті. Мексика шығанағындағы дауыл қаупі шығанақтағы 80%-дан астам мұнай өндіруші алыптардың тоқтап қалуына әкелді. Норвегиядағы мұнай өндіру орындарындағы жұмысшылардың ереуілі мұнай бағасына оң қолдау көрсетті.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 2-9 қазан аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ қаржы министрі С.Мнучин АҚШ президенті Дональд Трамптың ынталандыру шараларының толық ауқымды топтамасын қабылдау қажеттілігіне бейім екенін хабарлады. Нарықтық оптимизм АҚШ-тың ақша-кредит саясатын одан әрі жеңілдету мүмкіндігімен байланысты.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

• Бразилия реалы Бразилияда тамызда аталған бөлшек сатудың рекордтық жоғары деңгейге дейін өсуі және АҚШ доллары индексінің жалпы әлсіреуі аясында 2,6%-ға (5,68-ден 5,53-ке дейін) нығайды;

• Мексика песосы Үкімет жариялаған 14 млрд АҚШ долларына дерлік сомада инфрақұрылымға инвестициялаудың жаңа жоспары аясында 2,2%-ға (21,62-ден 21,14-ке дейін) нығайды;

• Ресей рублі мұнай бағасының серпіні және Ресейге қарсы санкциялардың қатаңдық дәрежесне қатысты шиеленістің төмендеуі аясында 1,8%-ға (78,19-дан 76,77-ге дейін) нығайды;

• Индонезия рупиясы АҚШ-та ынталандыру шараларының жаңа топтамасын қабылдау бойынша оптимизм аясында 1,1%-ға (14 865-тен 14 700-ге дейін) нығайды;

• Оңтүстік Африка ранды Президенттің 15 қазанда жаңа Экономиканы қайта құру және қалпына келтіру жоспарын ұсыну туралы мәлімдемелері аясында, сондай-ақ инвесторлардың тәуекел дәрежесінің өсуі аясында 0,4%-ға (16,53-тен 16,47-ге дейін) нығайды;

• Үнді рупиясы айтарлықтай өзгеріссіз саудаланды. Отырыста Үндістанның Орталық банкі негізгі мөлшерлемелерді өзгеріссіз сақтап қалды;

• Түрік лирасы Таулы Қарабақ ауданында геосаяси шиеленістің күшеюі және АҚШ тарапынан ықтимал санкциялаға қатысты қауіптердің өсуі аясында 1,3%-ға (7,77-ден 7,87-ге дейін) әлсіреді.





** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды;*

*** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.*

ДОЛГ ПАМЯТИ

Что сталось со школой имени Алии Молдагуловой в Германии?!

В советскую эпоху в Актюбинской области, на родине Героя Советского Союза Алии Молдагуловой, было известно, что за пределами Казахстана есть 3 средние школы, которые носят ее имя. Одна из них находилась в Ленинграде, городе, где прошли школьные годы героини, вторая – в Москве, а третья – в Германской Демократической республике.

АККАЛИ КОПТЛЕУОВ

Сейчас из этих трех названий сохранилось только первые два. А третье название – это уже теперь лишь факт истории. Ленинграду возвращено его первоначальное название Санкт-Петербург. А социалистическая Германия, влившись в состав ФРГ, перестала существовать. А что же сталось со школами, названными по имени нашей легендарной соотечественницы?

В 2003 году в рамках фестиваля искусств «Из Алма-Аты с любовью» по случаю 300-летия Петербурга в городе на Неве побывала внушительная делегация именитых гостей из Казахстана. Она посетила места, тесно связанные с нашей республикой. Это – созданный и установленный незадолго до того памятник Жамбылу Жабаеву и школа имени Алии Молдагуловой. Памятник является подарком Казахстана на 300-летие Санкт-Петербурга. И занял он место на улице Джамбула. Она же носит имя нашего легендарного акына уже давно. И школа называется по имени А.Молдагуловой тоже с давних пор. Акимат Алматы, поддерживающий связь с преподавателями и учениками этого учебного заведения, в 2003 году сделал им подарок, установив компьютерный класс. А тогдашний министр информации и общественного согласия М.Кул-Мухаммед при посещении этой же школы в составе официальной делегации Казахстана, передал ее представителям из рук в руки деньги на нужды по содержанию школьного музея А.Молдагуловой.

Не остается без внимания с нашей стороны и общеобразовательная средняя школа №891 в Москве, которая носит имя нашей героини. В конце 2003 года, когда в России проходили Дни Ассамблеи народов Казахстана, ее посетила наша делегация.

А вот что же сталось с третьей школой имени А.Молдагуловой – это мало кого интересовало и интересует. Про нее и в советское время мало что знали в Казахстане в целом. В Актобе, правда, она была известна. Особенно учителям и ученикам средней школы №11 в 80-ые г.г. прошлого столетия. Потому что узнавание имени и подвига А.Молдагуловой жителями далекой немецкой деревни Борна неподалеку от Лейпцига и присвоение тамошней школе ее имени произошло не без их участия. Все началось со знакомства по переписке. Такая форма общения между детьми разных стран и республик в рамках социалистического лагеря в свое время широко практиковалась. Из переписки с актюбинскими школьниками немецкие дети и узнали об их землячке, с совершившей героически подвиг в годы Великой Отечественной войны. Потом группа школьников из деревни Борна приезжала в гости в Актобе и удостоверилась в том, как здесь высоко чтят память своей героини. Немецкие дети познакомились также с казахскими обычаями, попробовали здешние национальные блюда. Так был установлен мост дружбы. Новые друзья актюбинских детей выступили с инициативой присвоения имени А.Молдагуловой своей школе. Она была поддержана. Так средняя школа в Борна под Ошацем *(Oberschule in Borna bei Oschatz)* стала носить имя нашей героини. В ГДР она официально называлась ***Alija-Moldagulova-Oberschule Borna***. В связи с названием Борна надо учесть следующее. При ГДР в округе Лейпциг имелись два населенных пункта под таким названием. Борна под Лейпцигом *(Borna bei Leipzig)* и Борна под Ошацем *(Borna bei Oschatz)*. Первый из них – это маленький город. А второй – небольшая деревня.

Но там была та самая 12-летняя средняя школа, которой присвоили имя А.Молдагуловой. Перед ее зданием был установлен памятный знак с указанием года рождения и смерти героини, а также картина с ее изображением. Предполагалось, что со временем их заменит такой же бюст, какой стоит в Актобе на проспекте К.Либкнехта *(сейчас он переименован)*.

Но этого так и не случилось. Как говорится: человек предполагает, а бог располагает. Многое изменилось с конца 80-х г.г. прошлого века. Падение берлинской стены, произошедшее в 1989 году, положило начало не только воссоединению двух Германий, но также краху социализма как системы. Вместе с этими изменениями в бывших социалистических странах Восточной и Центральной Европы кардинальным образом поменялись и ценностные ориентиры. В том числе – и оценка роли Советской Армии во II мировой войне, а также вообще отношение к роли России в европейской истории. В тех же немецких школах на территории бывшей ГДР теперь учат, что войну с Гитлером и его союзниками выиграли США и Великобритания, а русские играли в ней только вспомогательную роль. И воевали-то они, мол, с помощью американского оружия и боеприпасов и продуктового снабжения. При такой идеологии едва ли можно надеяться на то, что там могут сохраняться учебные заведения, носящие имена советских героев войны.

Однако школа ***Alija-Moldagulova-Oberschule Borna*** оставалась таковой еще некоторое время. Пока в соседнем Ошаце, городке с населением в 17 тысяч человек, продолжала стоять 175 ракетная бригада ГСВГ (Группы советских войск Германии) и действовать гарнизонный дом советских офицеров. И теперь ничего не известно о том, что сталось с ней после того, она была передислоцирована на территорию России.

ВЗГЛЯД В ИСТОРИЮ

Биографические парадоксы

Степная жизнь в историко-мировоззренческом разрезе лишь на первый взгляд представляется простой. На самом деле она полна феноменов, которые свидетельствуют, что с ней не все так просто, как кажется. К примеру, определителем казахских представлений о выдающейся личности является так называемое понятие «арқа».

КАЙРАТ КАЗАКПАЕВ

Про такого человека, безусловное превосходство которого над собой рядовой казах признает не на словах, а в действительности, он говорит: «арқасы бар». Что означает наличие сверхъестественной поддержки у того. Таким человеком в глазах казахов был Бауыржан Момышулы. Дело даже не в фронтовых подвигах этого человека и книге А.Блока о нем, написанной и изданной еще в ходе войны и принесшей ему славу бесстрашного героя и выдающейся личности. Ведь это был единственный человек, который взял казахскую фамилию с окончанием на «ұлы» («улы» - по-русски) вместо русифицированной на «ов» в то время, когда люди за куда меньшие погрешности обвинялись в национализме, пантюркизме и т.д. и подвергались репрессиям. А его прославляли и до сих пор прославляют не только казахи, но и русские. Даже такие, которые ничего хорошего про других казахов не говорят и не пишут. Безусловно, он - самый выдающийся казах XX века. И сама мысль сопоставлять его с кем-то из ныне живущих сородичей представляется небезгрешной. Но нас оправдывает, думается, то, что речь пойдет о сравнении не самих личностей, а отдельных фактов их биографий.

Тех, кого можно отнести к разряду «арқасы бар», отличает то, что они в ключевые моменты своей жизни поступают так, как не следовало бы поступать. И, тем не менее, добиваются выдающихся достижений. Однако же эти последние приходят именно к ним.

По этому критерию подобными же избранниками судьбы являются такие современные личности, как Нурсултан Назарбаев и Амангельды Тулеев – наиболее удачливые политики из казахов. Сначала о последнем. В принципе, Россия – не то место, где казах может сделать хорошую карьеру. В советское время у казахов не было там ни своих крупных производственных руководителей, как Салман Фарманов у азербайджанцев, или своих государственных деятелей, как Михаил Георгадзе у грузин. Тем не менее, когда в 1991 году там впервые избирали президента, единственным нерусским среди шести кандидатов на этот высший пост оказался казах Амангельды Тулеев. Он в дальнейшем еще почти три десятилетия, не в пример многим коллегам, сохранял свою популярность в качестве политика. И с 1 июня 1997 по 1 апреля 2018 года возглавлял Амангельды Тулеев как выборный губернатор не одну из соседних с Казахстаном областей, а такую, где и населения-то казахского нет. Парадокс номер один: почему первый российский руководитель областного масштаба и претендент на должность главы государства из казахов появляется не там, где это выглядело бы более-менее естественным и объяснимым? Парадокс номер два: почему этот человек, который, согласно занимаемому им положению, не мог ходить пешком по улицам, неоднократно оказывался в ситуации, когда ему приходится, рискуя жизнью, спасать простых людей. При этом каждый раз ему вроде как неслыханно везло. Некоторые в России недоверчиво качают головой: уж не инсценировка ли это?! Казахам же с традиционным мышлением все понятно – «арқасы бар».

Есть свой удивительный парадокс и в биографии Нурсултана Назарбаева. В начале взрослой части своего жизненного пути этот человек явно не собирался делать карьеру не только руководителя, но и даже творческую, научную или просто служебную. Одним словом, этот человек даже не думал становиться «белым воротничком». Он пошел вразрез с идеалами всех честолюбивых молодых казахов. Сотни, тысячи юношей и девушек со всех концов Казахстана ехали в тогдашнюю Алма-Ату, чтобы поступить в вуз, выучиться и стать, как это называется у казахов, «нормальным человеком». А Нурсултан Назарбаев из-под Алма-Аты отправляется за тридевять земель, чтобы выучиться мастерству рабочего-доменщика. По казахским понятиям, не хочет добиваться чего-либо стоящего в этой жизни. Можно было бы подумать, что человек решил сначала заработать рабочий стаж. Но ведь, согласитесь, должность доменщика совсем не для такой цели! Словом, все данные говорят отом, что Нурсултан Назарбаев решил пойти по трудовому пути рабочего человека. Тем не менее, судьба именно его вынесла на самую вершину власти. Как раз в этом факте и кроется загадка феномена Нурсултана Назарбаева. По-русски это называется «иронией судьбы», и не более. А казахи в таких случаях говорят: «Жүгірген алмайды, бұйырған алады» – «Приз достается не тому, кто его добивается, а тому, кому суждено его получить».

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

КЕЛІСІМ: ҚАЗМҰНАЙГАЗ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«ҚазМұнайГаз» (ҚМГ) және «ЛУКОЙЛ» компаниялары арасында «Әл-Фараби» жобасы бойынша келісімге қол қойылды.

Бұған дейін уәкілетті мемлекеттік органдар Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына өзгерістер енгізген еді, соған сәйкес «I-P-2» учаскесінің атауы «Әл-Фараби» жер қойнауы учаскесі болып өзгерді. Былтыр маусым айында ҚМГ мен ЛУКОЙЛ арасында осы жоба бойынша қағидаттар туралы келісімге қол қойылған болатын. Сол кезде қос компания оны бірлесіп іске асырудың негізгі шарттары жөнінде уағдаласқан еді, деп хабарлайды ҚМГ баспасөз қызметі.

Бұл жолғы келісім аталған учаске бойынша бірлескен жұмыстың кезекті кезеңі болып табылады. Енді қадам көмірсутек шикізатын барлау мен өндіруге келісімшартқа отыруды көздейді. Қол қойылған құжат «Әл-Фараби» жобасы бойынша болашақ жер қойнауын пайдаланушының қызметіне қатысты ҚМГ және ЛУКОЙЛ-дың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Келісім ҚМГ жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасу арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын иеленген соң және ҚМГ-ға 50,01%, ал ЛУКОЙЛ-ға 49,99% үлесі тиесілі бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі мәміле аяқталғаннан кейін өз күшіне енеді. «Бүгінгі келісім «ҚазМұнайГаз» бен «ЛУКОЙЛ» арасындағы серіктестіктің қарымды дамуының тағы бір айғағы. Ресурстық қорды дамыту – ҚМГ-ның стратегиялық міндеттерінің бірі. Біз бұл жұмысты жалғастыруға ниеттіміз. ҚМГ мен ЛУКОЙЛ Каспий теңізінің қазақстандық секторын тиімді игеруге бар күш-жігерін жұмсайтын болады», – деп атап өтті ҚМГ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

Қазіргі кезде ҚМГ Энергетика министрлігіне «Әл-Фараби» учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу бойынша тікелей келіссөздер жүргізуге өтінім беруді жоспарлап отыр. ҚМГ мен ЛУКОЙЛ ынтымақтастығы стратегиялық маңызға ие. Компаниялар «Қарашығанақ», «Теңіз», «Құмкөл» секілді ірі жобаларда, сондай-ақ «Каспий құбыр консорциумы» мұнай тасымалдау жобасында серіктес болып табылады. Былтыр 1 сәуірде Энергетика министрлігі, ҚМГ және ЛУКОЙЛ арасында «Женіс» теңіз учаскесінде көмірсутек шикізатын барлау мен өндіруге қатысты келісімшарт жасалды.

ЭНЕРГЕТИКА

АУҚЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ АЯҚТАЛДЫ

Түркістан облысындағы Шардара су электр станциясында ауқымды жаңғырту жұмыстары аяқталды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Шардара су электр станциясын толық жаңғырту бағдарламасын аяқтады. Жалпы құны 38 миллиард теңгелік жоба аясында станциядағы төрт гидроагрегаттың бәрі ауыстырылды. Жаңа гидроагрегаттар су электр станциясында электр қуатын өндіру көлемін жылына 480-нен 537 млн кВт/сағатқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Құрылысты австрия-германиялық Andritz Hidro GmbX компаниясы жүргізді. Ауқымды қайта құру станцияның қуаттылығын 100 МВт-тан 126 МВт-қа арттырды. Қазақстандық электр энергетикалық холдинг мамандары атап өткендей, бұл жоба – энергия тапшылығын сезініп отырған Түркістан облысын электр энергиясымен қамтамасыз етуде және өңірдегі су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруда үлкен маңызға ие.

«Самұрық-Энерго» энергетикалық холдингіне тиесілі Шардара су электр станциясы 1967 жылы пайдалануға берілді, оның белгіленген қуаттылығы 100 МВт және төрт гидроагрегаты бар. Норматив бойынша жұмыс істеу мерзімі 25 жыл болса, станция 50 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді. Бұл оның технологиялық жабдығы толығымен, яғни 100 пайызға тозуына әкеп соқтырды. Су станциясында орнатылған электр жабдығының бір бөлігін оны жасаған зауыттар қазір шығармайды және өндірістен алып тастаған. Жүргізілген жаңғырту жұмыстары су станциясының қызмет ету мерзімін 35-40 жылға дейін ұзартады, сондай-ақ СЭС-ті пайдалану сенімділігін арттырып, апаттық жағдай деңгейін төмендетеді.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

МӘДЕНИЕТ

ҚҰРМЕТ

Қарттарым, аман-сау жүрші

Отан соғысының және еңбек ардагері, Қапшағай қаласының Құрметті азаматы Оксана Бетебаева 100 жасқа толды. Мерейтой несін осы айтулы оқиғамен Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың атынан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Маржан Мұрат пен Қапшағай қаласының әкімі Нұрлан Қуматаев құттықтап, облыс әкімінің Құрмет грамотасын және естелік сыйлық тапсырды.

АЙБОЛ ҚАДЫРБАЙ

Оксана Демидовна Украинаның Полтава облысында өмірге келді. Жеті жылдық мектепті бітірген соң медициналық училищеде оқыды, мұнан соң Петрово-Роменский аудандық ауруханасында жұмыс істеді. 20 жасында 1941 жылы шілдеде армия қатарына алынып, Полтава қаласында № 1668 әскери госпитальда медбике қызметін атқарды.

Соғыс жылдарында әскери офицер Бекежан Бетебаевка тұрмысқа шықты. Соғыс біткен соң жұмыс жағдайына байланысты ерлі-зайыптылар Жаркент қаласына ауысып, бұл жерде де Оксана Демидовна өз мамандығы бойынша жұмысын жалғастырды. Кейін отбасы Іле кентіне, одан кейін Қапшағай қаласына қоныс аударды.

Оксана Демидовнаның ерлігі мен еңбегі лайықты бағаланып, II дәрежелі Отан соғысы орденімен, Жуков медалімен және басқа да көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталды.

Қазіргі кезде Оксана Демидовна туған-туыстарымен бірге Қапшағай қаласында тұрады. Ол – қала тұрғындарының мақтанышы болып отыр.

КӨРМЕ

Қылқалам шеберлерінің мәнді сырлары

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде Қазақстан Республикасы Суретшілер одағымен бірлесіп «Акварельді фреш» атты көрме өз жұмысын бастады.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Аталмыш көрмеде Елена Иоктон, Абай Чунчалинов, Анна Петракова, Лидия Дроздова, Светлана Кравченко, Оксана Шольц, Елена Попова, Олена Коломыцева, Наталья Дубовая, Перизат Есназарова, Дина Гаитова, Максим Ведерников, Игорь Баграмов, Руслан Абрафиков, Ольга Салькова, Кулбатыров Рашид, Канағат Кодеков, Камила Лаптева-Тулешова, Дәурен Қастеев, Рауан Сүлейменов, Мұхтар Сыздықов, Мақсат Қантарбаев, Майса Ықыласова, Төлеуғазы Байғалиев, Оразалы Жәнібек, Марлан Нысанбаев сияқты қазақстандық үздік акварельшілердің 100-ден астам картиналары музей кеңістігінде ұсынылады.

Акварель бояуы – кескіндемедегі күрделі әдістердің бірі. Акварель минималды құралдар мен максималды мәнерлікті қолдана отырып, әлемді барлық түстерде нәзік түрде көрсете алады. Бұл жеңіл, қозғалмалы кескіндеме, ол ерекше шеберлік пен шыдамдылықты қажет етеді.

Акварель техникасы суретшілер мен осы өнерді бағалаушылар үшін де әрқашанда ең тартымды болып қала береді. Тапқырлық пен батылдықтың арқасында қағаздағы кескіндеме пайда болады.

Көрмеде пейзаж, портреттер, натюрморттар, сюжеттік және дерексіз композициялар ерекше орын алады. Архитектуралық сюжеттер, этникалық мотивтер және адам өмірі – мұның бәрі акварель суретшілерінің жұмысында көрініс табады.

«Акварельді фреш» көрмесіне Қазақстанның түрлі қалаларынан келген дарынды суретшілердің акварель өнері туындыларының кең палитрасы ұсынылады. Әр шығармада жоғары сапа белгісі бар, ал күрделі стиль әр суретшіні акварельдің бейнелеу өнерінде бөлек орынға қояды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

«Рахат» өнімдері – халықтың сүйікті дәмі

«Рахат» компаниясы маңызды экономикалық көрсеткіштерімен, жаңа трендтерімен және Қазақстанда мәдениетті дамытуға қолдау көрсету жөніндегі жоспарларымен бөлісті.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

«Рахат» АҚ басқармасының төрағасы Константин Федорец компанияның бірінші жартыжылдықтағы нәтижелерін жариялады. Кондитерлік нарық негізінен өнімдерді бес санат бойынша ұсынып отыр: шоколад, печенье, кәмпиттер жиынтықтары, өлшеніп сатылатын кәмпит, мармелад. Қазіргі уақытта бисквит, оның ішінде печенье және вафли көбірек сатылуда, мұны өсім көрсетіп отыр. Қазақстанда төтенше жағдай кезінде олардың орташа сатылымы (киломен алғанда) өткен жылға қарағанда 12%-ға өскен. Шоколад плиткасы да оң динамикаға ие, оның өсімі – 4%. «Рахат» плитка шоколады санат бойынша нарықта жетекші орынды мығым иеленіп отыр, оның бисквит санаттарындағы үлесі де артып келеді. Сондай-ақ компания мармелад өндірісін арттыру арқылы бұл санаттағы өнімнің де өсуіне тікелей бағдар ұстап отыр.

Шоколад кәмпиттеріне деген сұранысты төмендеуіне карамастан, «Рахаттың» табысы өткен жылғы деңгейден төмендеген жоқ. Бұл санаттағы құлдыраушылық бисквит пен шоколад плиткаларына сұранысты артыу есебінен толығып отыр, бұл өсімге 2020 жылы шығарыла бастаған жаңа өнімдер айтарлықтай әсер етті.

«Рахат» өнімдерін сататын елдерде күшейтілген карантин кезінде сауда орындары мен дистрибьюторлық компаниялар қызметінің шектелуіне байланысты экспорттқа жіберілетін өнімдердің сатылымдарының төмендеу үрдісі байқалды. Экспорттық нарықтарда халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі байқалады.

Шекаралардың жабылуына байланысты ҚХР мен Түркіменстанға экспорт тоқтатылды. Айта кету керек, Қазақстан мен осы елдер арасында жоспарланғандай, қатынас ашылуына байланысты фабрика жақын арада өнімдерді қайта жібере бастауға дайындалуда. Жалпы, соңғы айларда экспорттың өсуі байқалып отыр.

Пандемия кезінде «Рахат» АҚ-да шикізат жеткізу жағынан айтарлықтай қиындықтар болған жоқ. Құрамдастардың негізгі түрлерінің құны ұлттық валютаның девальвациясына және әлемдік конъюнктураға пропорционалды түрде өсті.

«Дағдарыс бізді қайта топтасып, көптеген жобаларды қолға алуға итермеледі, бұл өз кезегінде «Рахатты» анағұрлым бәсекелі ете түсті. Локдаун кезіндегі күрделі жағдайға қарамастан, біз Шымкентте мармелад пен печенье өндірісі желісін іске қостық. Соның бірінде біз екі ай ішінде әзірге жергілікті өндірушілердің қолында аналогы жоқ печеньенің жаңа түрін шығармақпыз. Қазіргі кезде қалыптасқан жағдайды ескере отырып, ассортиментті қолжетімді санаттармен толықтыру компанияның алға қойып отырған мақсатты жоспары болып отыр. Сонымен қатар, біз «жасауды» тоқтатпаймыз, өйткені жастардың жаңадан жасалған өнімдерден бала кезден естерінде қалған дәстүрлі

дәмді сезініп, қызығушылық танытқандарын көріп отырмыз», – деп атап өтті «Рахат» АҚ басқармасының төрағасы Константин Федорец.

Компания қазақстандықтар арасында заманауи өнерді насихаттауға өз үлесін қосуда. Константин Федорец Art FUTURE мәдени және шығармашылық алмасу платформасымен бірлескен Qazaqstan ó neri жобасының қолға алынғандығы туралы хабарлады. «Казахстанский » шоколады мен «Рандеву», «Поздравляю!», «Құттықтаймыз!» кәмпиттерінің қорапшаларының дизайнында енді заманауи қазақстандық суретшілер: Асқар Есдәулет, Қазақбай Әжібекұлы, Ержан Танай, апалы-сіңлілі Ғалия мен Бота Құсайыновалар, Оразбек Есенбаев пен Арыстанбек Шалбаев суреттерінің репродукциялары бар.

Алматы кондитерлік фабрикасының негізі 1942 жылы қаланды. 1992 жылы кәсіпорын «Рахат» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. 2013 жылы оңтүстік кореялық LOTTE Confectionery компаниясы «Рахат» АҚ акцияларының негізгі пакетін сатып алды. LOTTE Confectionery компаниясы Оңтүстік Кореяның 5-ші ірі конгломераты – LOTTE тобының өнішлес компаниясы әрі штаб-пәтері Сеул қаласында орналасқан Оңтүстік Кореядағы жетекші кондитерлік компания болып табылады. Бүгінгі танда «Рахат» АҚ-ның LOTTE Confectionery компаниясына тиесілі акцияларының үлесі 95,57%-ды құрайды.

Кондитерлік фабриканың дистрибьюторлық желісі реттеліп, жолға қойылған, ол осы сала нарығында көшбасшы болып табылады, жоғары сапалы кондитерлік өнімдердің 400-ден астам түрін шығарады. Компания ассортиментінде шоколад плиткалары, печенье, вафли, шоколад кәмпиттері, карамель, ирис, зефир, драже және т.б. бар. Бұлардың бірқатарының аналогын Қазақстан нарығынан іздесеңіз де таппайсыз.

Компанияның өнімдері Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда, Ресейде, Моңғолияда, Арменияда, Әзербайжанда, Қытайда және басқа да елдерде жоғары сұранысқа ие.

НАРЫҚ

Балық шаруашылығына субсидия бөлінуі мүмкін

Жақында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі БАҚ өкілдері үшін Алматы облысындағы «Есік» форель шаруашылығына баспасөз турын ұйымдастырды. Шара барысында журналистер қауымы шаруашылықтың жұмысымен, балықшылар мектебімен етене танысты.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Баспасөз туры барысында «Есік» форель шаруашылығының қожайыны Марлен Тұрсынәлі атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. «Қазіргі таңда еліміздегі балық шаруашылығындағы басты мәселердің бірі – қадр тапшылығы. Осыған байланысты, балық мектебін аштық. Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп, оқу орны базасында ғылыми-өндірістік орталық ашып, студенттерге теориялық білім беріп жатырмыз. Содан кейін бізде тәжірибеден өтеді де, жұмысқа орналасады. Балықты қалай қоректендіру керек, қандай жолмен күту қажет, бәрін үйретеміз. Балықты аурулардан сақтауға бағытталған вакцинацияның жасалу жолын да үйретеміз. Ал шаруашылықтың өзіндегі толық базалық курсты 10 күнде өтуге болады», – деп атап өтті М.Тұрсынәлі.

Қазір Есік балық шаруашылығында балықтың 6 түрі өсіріледі. Олар: ханбалық, сазан, амур, дөңмандай,

бекіре, клариус сомы. 250 тонна форель, 50 тонна бекіре өндіріледі. Негізгі тұтынушы – Алматы қаласы мен облыс халқы. Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында балық шаруашылығына ерекше мән беру керектігін айтқан. 2019 жылы еліміздің балық және балық өнімдері нарығының жалпы көлемі 66 мың тоннаны құрады. Қазақстандағы су ресурстары 600 мың тоннаға дейін балық өсіріп, экспортты 10 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Сол себепті қазір Экология министрлігі шаруаларды қолдау мақсатында бірқатар Заңдарға өзгеріс енгізіп, субсидия беру жолдарын қарастырып жатыр.

Балық шаруашылығындағы өзекті мәселенің бірі – сапалы қадрлардың тапшылығы. Сондықтан, «Есік» форель шаруашылығы бұл проблеманы жою үшін арнайы «Балық мектебін» ашты. Биылғы жылдың өзінде 30 адамды оқытып, соның ішіндегі 10 адамды жұмыспен қамтамасыз еткен.

Балық шаруашылығына субсидия бөлінуі ықтимал. Әзірге елімізде тұралап тұрған бизнестің бұл түріне субсидия мүлдем қарастырылмаған.

Қазақстанда 40 мың көл, тоған бар. Соның балық шаруашылығына қолданылып жатқан көлемі бір пайызға да жетпейді екен. Ал сирек балық түрлерін өсіретіндер саусақпен санарлық. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебінше, әр адам жылына 16 келі балық тұтынуы тиіс. Бұл көлем біздің елде төрт есеге кем. Экология министрлігі балық шаруашылығымен айналысамын дегендердің шығынын жартылай субсидиялауды ұсынып отыр. Осылайша аталмыш кәсіп түріне жан бітірмек. Осы ретте үш жылдық шығын көлемін де есептеп қойыпты. Бюджеттен 6 миллиардтай қажет.

Еліміздің балық және балық өнімдері нарығының жалпы көлемі 2019 жылы шамамен 66 мың тоннаны құрады. Оның құрылымы келесідей: балық аулау – 45 мың тонна, балық өсіру – 7,4 мыңға жуық тонна, экспорт – 30 мың тонна және импорт – 43,5 мың тонна.

Қазақстан мұхит балықтары мен теңіз өнімдерін импорттайды. Бұлардың қатарына майшабақ, скумбрия, креветкалар, мидия және тағы басқалары кіреді. Импорт Норвегия, Ресей, Исландия, Қытай және Балтық елдеріне тиесілі. Бұл ретте, импортты алмастыру мақсатында Қазақстанда албырт, бекіре балықтарын өсіріп, Каспий теңізінде майшабақ пен килька балықтарын аулау қажет.

Қазақстан жыл сайын жақын және алыс шетелдің 36 еліне құны 60 миллион АҚШ долларын құрайтын 30 мың тонна балық экспорттайды. Енді министрлік экспорт көлемін 10 есеге ұлғайтуға балық шаруашылығының әлеуеті жеткілікті екенін алға тартып отыр. Егер осы бастамасы жүзеге асатын болса, Қазақстан 60 емес, 600 миллион АҚШ долларына экспорт жасай алады. Осы орайда шаруаларды қолдау мақсатында бірқатар заңға өзгеріс енгізіп, субсидия беру жолдарын қарастырып жатыр. Бұл, шамамен 100 мың жұмыс орнын құруға және ауылдық жерлерде халықтың табысын арттыруға ықпал ететін болады.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Рымтай САҒЫНБЕКОВА

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатай ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ақтөбе облысында: Жаңғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Төлеуғалиев 8 701 774 2141

Газеттің теріпуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Көкжегали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағынды қ
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1244.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-да басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-50-53.

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-қа тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат.
403-бөлме (тіншілер)
тел.: 272-87-04

404-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Рымтай САҒЫНБЕКОВА